



Қолдаудың нақты
өлшемі



2-бет

Ауысым жүгін
арқалаған бір күнім



4-бет

Жоғары топқа
жол тартты



8-бет

• ҚҰРЫЛТАЙ СЕССИЯСЫНДА

Дәуірдің жаңа парағы ашылды

Еліміздің саяси тарихында жаңа белес басталды. Астанада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен бірінші шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Құрылтайының бірінші сессиясы ашылды. Бір палаталы жаңа заң шығарушы органның жұмысқа кірісуі – елдің саяси жүйесін жаңғырту жолындағы тарихи оқиға. Президент те бұл күнді мемлекеттің саяси жүйесі жаңаратын маңызды кезең ретінде бағалады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сессияға Құрылтай құрамына өткен 145 депутат қатысты. Олар елдің тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, Конституция мен заңдарға адал қызмет етуге салтанатты түрде ант қабылдады. 23 тамыздағы сайлау қорытындысы бойынша бес партия 5 пайыздық межеден өтіп, Құрылтайдан орын алды. «Әділет» партиясы 110 мандат иеленсе, «Ауылға» – 10, Respublica партиясына – 9, «Ақ жолға» – 8, ЖСДП-ға – 8 мандат берілді.

Құрылтайдың алғашқы отырысында Мемлекет басшысы сөз сөйлеп, елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформаның тарихи маңызына тоқталды. Президенттің айтуынша, жаңа заң шығарушы орган елдегі саяси өзгерістердің маңызды бөлігіне айналады. – Бұл – мемлекетіміздің саяси жүйесінің жанару үдерісі дәл осы күннен бастау алады деген сөз. Төл тарихымызға зер салсақ, Құрылтайда мемлекеттік маңызы бар мәселелер кеңінен талқыланып, ортақ шешімдер қабылданған. Бұл институттың жаңа кезеңде де жөні бөлек болары анық. Себебі, Құрылтай билік жүйесін түбегейлі жаңғыртады, бүкіл мемлекеттік аппараттың жұмысына тың серпін береді. Құрылтай ұлттық заңнама сапасын арттыру арқылы еліміздің құқықтық негізін нығайта түседі. Осы тарихи миссияны атқару сіздерге жүктеліп отыр. Құрылтайдың бірінші шақырылымының депутаты болу – ең алдымен, ерекше сәт. Бұл – үлкен бақыт деп айтсақ қате болмас, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Құрылтайға кең ауқымды өкілеттік берілгенін атап өтті. Жаңа орган заңдар мен конституциялық заңдарды



қабылдайды. Сондай-ақ, атқарушы және сот билігін қалыптастыруға қатысады. Конституциялық сот пен Жоғары сот судьяларына қатысты бірқатар өкілеттігі бар. Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның республикалық бюджет туралы есептерін бекітеді. Үкіметке сенімсіздік білдіру құқығына да ие.

Президент заң шығару сапасына ерекше мән берді. Оның айтуынша, жаңа Конституциялық сот пен Жоғары сот судьяларына қатысты бірқатар өкілеттігі бар. Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның республикалық бюджет туралы есептерін бекітеді. Үкіметке сенімсіздік білдіру құқығына да ие.

Президент заң шығару сапасына ерекше мән берді. Оның айтуынша, жаңа Конституциялық сот пен Жоғары сот судьяларына қатысты бірқатар өкілеттігі бар. Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның республикалық бюджет туралы есептерін бекітеді. Үкіметке сенімсіздік білдіру құқығына да ие.

– Индустриализация қарқын алып, экономиканың жаңа өндірістік негізі айқындалып келеді. Мемлекет және шетелдік инвесторлар құйған қомақты қаржының нәтижесінде барлық өңірде жаңа өндіріс нысандары мен мыңдаған жұмыс орны

ашылып жатыр. Қазақстанда халық тұрмысы мен экономикалық өсім үшін аса қажетті коммуналдық, көлік, энергетика және су инфрақұрылымдарын жаңғырту үдерісі басталды, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Құрылтайдың алғашқы құрамына үлкен жауапкершілік жүктелетінін айтты. Депутаттар халықтың сенімін ақтап, мемлекет мүддесіне адал қызмет етуі керек. Ал, жаңа заң шығарушы орган елдегі реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етуге тиіс.

Сессия барысында Президент Вице-президент пен Премьер-Министрдің кандидатураларын Құрылтайдың құрылымы толық қалыптасқаннан кейін ұсынатынын мәлімдеді. Үкімет жаңа құрам бекітілгенге дейін өз міндетін атқара береді.

Қырқүйектің екінші жартысында Халық Кеңесі жасақталмақ. Бұл – елдің этникалық, аймақтық, әлеуметтік және қоғамдық-саяси ерекшеліктерін бір арнаға тоғыстыратын жаңа жоғары консультативтік орган.

Құрылтайдың алғашқы сессиясында

оның басшылық құрамы да жасақталды. Президент ұсынған Айбек Дәдебай Құрылтай төрағасы болып сайланды. Оның орынбасарлары Нұрлан Бекназаров, Дәния Еспаева және Динара Зокиева болды.

Сонымен қатар, сегіз комитет құрылып, олардың төрағалары сайланды. Аграрлық мәселелер, экология және табиғи ресурстар комитетін Серік Егізбаев, Әлеуметтік даму комитетін Асхат Аймағамбетов басқарады. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетіне Үнзिला Шапақ, Қаржы және бюджет комитетіне Ольга Перепечина төрағалық етеді.

Ал, Өңірлік және инфрақұрылымдық даму комитетінің төрағасы – Өмірбек Оспанбеков. Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетін Марат Қожаев, Цифрландыру, инновациялар және ғылым комитетін Дархан Ахмедиев, Экономикалық саясат, өнеркәсіп және энергетика комитетін Наталья Годунова басқарады.

Сурет akorda.kz сайтынан

Құрметті көмір саласының қызметкерлері мен ардагерлері!

Сіздерді шын жүректен Кеншілер күнімен құттықтаймыз! Қарағанды өңірінің тарихы кеншілер еңбегімен тығыз байланысты. Кеншілер қауымы өздерінің адал еңбектерімен еліміздің өнеркәсібі мен экономикасының дамуына елеулі үлес қосып келеді.

Бүгінде көмір саласы Қазақстанның энергетикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаруда. Қазіргі экономикалық сын-тегеуріндерге қарамастан, сала кәсіпорындары өндірістік көрсеткіштерді сақтап, жаңа технологияларды енгізіп, қауіпсіз, әрі тиімді еңбек ету үшін қажетті жағдайларды жасауда.

Осы ретте көмір өнеркәсібінің ардагерлеріне ерекше алғысымызды білдіреміз. Сіздердің бай тәжірибелеріңіз, мамандыққа берілгендіктеріңіз және бай еңбек дәстүрлеріне адалдықтыңыз кеншілердің жас буыны үшін лайықты үлгі болып табылады. Кеншілер еңбегі әрқашанда табандылықтың, батылдықтың және шынайы рухтың символы болып қала береді.

Көмір саласының барлық қызметкерлеріне зор денсаулық, амандық, ертенгі күнге деген сенімділік, жаңа еңбек табыстары мен қауіпсіз жұмыс тілейміз! Сіздердің шаңырақтарыңызда әрдайым бақ-береке болсын!

Кеншілер күні құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды
облысының әкімі
Нұркен ҚОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының
төрағасы

• САЛТАНАТ

Мандай тердің мерейі

Өңірдің тарихы мен бүгінгі көмір өндірісімен байланыстырған еңбек дәстүрін дәріптейтін айтулы мерекеде кеншілердің ел экономикасына қосқан үлесі ерекше аталып, олардың жауапты әрі қажырлы еңбегіне алғыс айтылды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеншілер күні – Қарағанды үшін айрықша мәні бар мереке. Аймақтың қалыптасуы мен әлеуметтік-экономикалық дамуы көмір өндірісімен тығыз байланысты. Жер қойнауынан ел игілігіне қара алтын өндіру – үлкен жауапкершілік пен кәсіби шеберлікті талап ететін еңбек.

Кеншілер мәдениет сарайында өткен мерекелік кешке сала ардагерлері, өндіріс мамандары мен еңбек адамдары жиналды.

Қарағанды облысы көмір өндіру бойынша Қазақстанда екінші орында. Былтыр шамамен 37 млн тонна көмір өндірілді, биылғы жеті айда бұл көрсеткіш 20 млн тоннаға жуықтаған. Жыл соңына дейін кемінде 41 млн тоннаға жеткізуді жоспарлануда.

– Ал, көмір өндірісінің дамуы тек өндіріс көлемімен емес, ең алдымен адамның қауіпсіздігімен, еңбек жағдайымен және болашаққа деген сенімімен өлшеуіміз керек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та еңбек адамының беделін арттыруға, оның еңбегін құрметтеуге және лайықты жағдай жасауға үнемі назар аударып келеді. Бүгінде өндіріс орындарында жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, жабдыктар жаңартылуда, қауіпсіздік талаптары күшейтіліп, еңбек жағдайлары жақсартылуда. Бұл жұмыс жалғаса береді, өйткені саладағы кез келген өзгерістің сыртында, ең алдымен, адам тұр. Ардагерлерімізге ерекше алғыс айтамын. Сіздер бүкіл өңір мақтан тұтатын еңбек мектебі мен дәстүрді қалыптастырдыңыздар. Біздің міндетіміз – осы дәстүрді сақтап, жас ұрпаққа жеткізу. Барша кеншілерге қауіпсіз еңбек, мықты денсаулық, отбасыларына амандық пен ертенгі күнге сенім тілеймін. Кеншілер күні құтты болсын! – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Салтанатты жиында І дәрежелі «Шахтер данқы» төсбелгісімен алты қызметкер марапатталды. Олардың қатарында «Қа-

зақстан» шахтасының тау-кен қазбаларын жөндеу учаскесінің бастығы Зетай Альмуханов, Костенко атындағы шахтаның жерасты электрлесарі Валерий Бабяк, «Спецшахтомонтаждегазация» басқармасының №1 жерасты учаскесінің бұрғылау қондырғысының машинисі Алексей Кудрявцев, «Karaganda Komir» ЖШС өндіріс жөніндегі директор орынбасары Александр Рябцев, «Тентек» шахтасының №1 учаскесінің тазалау кенжарындағы тау-кен жұмысшысы Оразбек Турсунов және Түсіп Күзембаев атындағы шахтаның №2 дайындық жұмыстары учаскесінің өтпе қазбаларын жүргізуші жұмысшысы Жомарт Шайахметов бар.

Костенко атындағы шахтаның жерасты электрлесарі Валерий Бобяктің шахтадағы еңбек өтілі 40 жылдан асады. Кенші әке жолын жалғап, бар ғұмырын жер асты жұмысына арнаған.

– І дәрежелі «Шахтер данқы» төсбелгісімен марапатталу мен үшін үлкен қуаныш. Еңбегімізді бағалап, осындай марапатқа лайық деп танығандары үшін алғыс айтамын. Бұл – мен үшін зейнет алдындағы үлкен сый әрі көп жылғы еңбегіме берілген баға, – деді ол.



➤ 2-бет

• МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Қолдаудың нақты өлшемі

Аймаққа арнайы жұмыс сапарымен келген Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев өңірдегі әлеуметтік қолдаудың бірнеше бағытымен танысты. Мүгедектігі бар жан-дардың ортаға бейімделуінен бастап, сотталғандарды еңбекке тарту және балаларға арнаулы көмек көрсетуге дейінгі әрбір қадам азаматтарға қоғамдағы өз орнын табуы көздейді.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл талап, ең алдымен, еңбек нарығында анық сезіледі. Асқарбек Ертаев Мансап орталығының жұмысын көріп, жұмыс іздеп келген тұрғындармен сөйлесті. Жыл басынан бері облыстың Еңбек мобильділігі орталығы мен Мансап орталықтарына 40 128 адам жүгінген. Соның 26 мыңға жуығына жұмыс табуға көмек көрсетілген.

— Көмек сұрап келген адамның артында белгілі бір тағдыр, тәжірибе және қажеттілік бар. Сондықтан, мемлекеттік қызмет азаматты қабылдап, кеңес берумен аяқталмауы қажет. Жұмыс іздеушінің мүмкіндігі мен кәсіби әлеуеті есепке алынуы тиіс, — деді Асқарбек Ертаев.

Мұның нақты мысалы да бар. Биыл жоғары оқу орнын тәмамдаған Нұртілек Болат мансап орталығына жүгініп, мамандығына сәйкес жұмыс тапқан. Оған кәсіпорын ұйымдарының бірінен дизайнер қызметі ұсынылған. Жас маман енді еңбек жолын бастамақ.

Әсіресе, еңбек нарығында қосымша қолдауды қажет ететін азаматтарға жеке тәсілдің маңызы жоғары. Осы мақсатта іске асырылып жатқан JOB COACH жобасында арнайы даярланған мамандар жұмыс істейді. Олардың арасында ымдау тілі маманы мен психолог бар. Көру қабілеті және тірек-кимыл жүйесі бұзылған адамдар үшін арнайы жұмыс орындары жабдықталған. Орталық қызметкері Іңкәр Нұрмағанбетованың өзі кресло-арбамен жүріп-тұрады. Бүгінде ол мүгедектігі бар азаматтарға қолайлы жұмыс табуға, жұмыс берушілермен байланыс орнатуға көмектеседі.

Мұндай қолдаудың жалғасын министр барған «Теп Қоғам» әлеуметтік бейімдеу орталығынан да көруге болады. Мұнда мүгедектігі бар азаматтарға құқықтық, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсетіліп, мемлекеттік қызметтерді рәсімдеуден бастап, оңалту құралдарын таңдауға дейін сүйемелдеу қарастырылған. Орталықтың көмегімен қоғамдық бірлестікке еңбек

нұсқаушысы болып орналасқан Найман Жақсығұрин қазір мүгедектігі бар балаларға өздігінен өмір сүруге қажетті дағдыларды үйретеді.

Еңбекке араласудың маңызы қоғамнан уақытша оқшауланған азаматтарға келгенде тіпті арта түспек. Осы себепті министр сапарының келесі бөлігі жазасын өтеп жатқан және пробация есебіндегі адамдарды жұмысқа даярлау ісіне арналды. Қазір «Qatmet» акционерлік қоғамының қатысуымен жүзеге асырылып жатқан жобаға 62 сотталған азамат тартылған. Олар кәсіпорынның өндірістік учаскелерінде еңбек етіп, кәсіптік білім алып, қайта даярлаудан өтуде.

Министрдің сөзінше, міндет — қолдау шаралары адам босатылғанға дейін басталып, одан кейін де үзіліссіз жалғасатын кешенді сүйемелдеу жүйесін құру.

Асқарбек Ертаев №32 қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіндегі еңбек учаскелерін де аралады. Мұнда жазасын өтеп жатқан әйелдер тігін бұйымдарын тігеді, нан-тоқаш өнімдерін пісіреді.

Облыста осы жұмысты жүйелеу үшін 1 мамырдан қайта әлеуметтендіру жөніндегі пилоттық жоба іске қосылған. Оған қылмыстық-атқару жүйесі, пробация қызметі, Мансап орталықтары мен Отбасын қолдау орталықтары жұмылдырылған. Жыл басынан бері мансап орталықтарына осы санаттағы 329 азамат жүгінген. Оның 127-сі — бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандар, 202-сі — пробация есебінде тұрған адамдар. Бүгінде олардың 178-і жұмысқа орналасқан.

Мұндағы жұмыс та азамат қақпадан шыққан күні басталмайды. Мансап орталығының мамандары түзеу мекемелеріне барып, бос жұмыс орындары мен кәсіптік оқу мүмкіндіктерін алдын ала таныстырады. Жыл басынан бері сегіз көшпелі кездесу, үш «Қақпа алдындағы кездесу» және 71 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Ал, биыл бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтар үшін 990, пробация есебіндегілер үшін 1 506 жұмыс орнына квота белгіленген. Екінші тоқсан қорытындысында осы квота аясында тиісінше 326 және 1 171 адам еңбекпен қамтылған.

Әлеуметтік қолдаудағы жеке тәсіл балаларға келгенде одан әрі нақтылана түседі. Министр сапар барысында мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін орталыққа барды. Мұнда 3 пен 18 жас аралығындағы балаларды тұрақты орналастыруға және күндізгі жартылай стационар жағдайында қабылдауға арналған 170 орын бар. Қазір орталықта 116 бала тұрады. Оларға әлеуметтік-медициналық, психологиялық, педагогикалық, мәдени, экономикалық және құқықтық қызметтер көрсетіледі.

Асқарбек Ертаевтың Қарағанды облысындағы жұмыс сапары бірнеше нысанды қамтыды. Әйткенмен, сол нысандардың әрқайсысынан байқалған ортақ талап біреу болса керек. Ол — адамды жүйеге бейімдеу емес, жүйенің мүмкіндігін адам қажетіне қарай икемдеу.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

• ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Барлық мәселе бақылауға алынды

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев облыс тұрғындарын жеке мәселелері жөнінде қабылдады. Кездесуде өңір тұрғындары баспана, кәсіпкерлікті дамыту және әлеуметтік қолдау мәселелерін көтерді.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қабылдауға келген азаматтардың басым бөлігі тұрғын үй мәселелеріне қатысты өтініштерін жеткізді. Атап айтқанда, олар баспана алу, тұрғын үй жағдайын жақсарту және тұрғын үй бағдарламаларына қатысу тәртібі жөнінде сауалдарын қойды. Бұдан бөлек, тұрғындар құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, медициналық және әлеуметтік көмек алу, өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарға көрсетілетін қолдау шараларына қатысты жүгінді.

Облыс әкімі әрбір өтінішті тыңдап, тиісті түсініктеме берді. Жауапты мемлекеттік органдарға азаматтар көтерген мәселелерді жан-жақты зерделеп, қолданыстағы заңнама аясында қажетті шаралар қабылдау тапсырылды.

Тұрғындардың өтініштері өңірдегі күнделікті мәселелерді қамтиды. Мұндай кездесулер халықтың сұранысын зерделеп, мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіруге қажетті бағыттарды айқындайды.

Жеке қабылдау барысында тұрғындардың ұсыныстары мен талап-тілектері де назардан тыс

қалмады. Азаматтардың көтерген мәселелері бойынша жауапты мекемелердің жұмысы нақтыланып, әр өтініштің орындалу барысын бақылауда ұстау қажеттігі айтылды. Бұл ретте мәселелерді шешуде заң талаптары мен қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктері ескерілетіні атап өтілді. Кәсіпкерлікпен айналысып жүрген азаматтар да өз ұсыныстарын ортаға салды. Олар бизнесіне кеңейту, мемлекеттік қолдау тетіктерін пайдалану, қаржыландыруға қол жеткізу және жаңа жобаларды іске асыруға қатысты мәселелерін жеткізді. Тұрғындардың бұл бағыттағы ұсыныстары да тиісті мемлекеттік органдардың қарауына жолданды.

Аймақ басшысының тұрғындармен тікелей кездесуі халық пен билік арасындағы байланысты нығайтып, азаматтардың өзекті мәселелерін жедел анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай қабылдаулар барысында көтерілген ұсыныстар алдағы жұмыстарды жоспарлау кезінде ескеріліп, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған шараларды нақтылауға негіз болады.

Сурет облыс әкімдігі сайтынан

Өрісті өнеге жеңіске жетті

Бірлігі жарасқан шаңырақ — қоғамның тірегі, елдік құндылықтардың алтын бесігі. Үлкеннің өнегесі мен кішінің ізеті, ата-ананың ақылы мен баланың тәрбиесі тоғысқан отбасында ұлттың болмысы қалыптасады. Осындай мерейлі әулеттерді көпке танытып, олардың өмірлік тәжірибесін өскелең ұрпаққа үлгі ету мақсатында ұйымдастырылатын «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы биыл да дәстүрлі жалғасын тапты.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Аудандық және қалалық кезеңдерден іріктеліп шыққан 26 отбасы байқаудың облыстық кезеңінде бақ сынады.

— Үлкенді құрметтеу, жауапкершілік, ұқыптылық пен Отанға деген сүйіспеншілік секілді асыл қасиеттердің бәрі отбасында қалыптасады. Биыл байқауға облыс бойынша 100-ден астам отбасы қатысып, қалалар мен аудандардан үздік шыққан 26 әулет облыстық кезеңге жолдама алды. Олардың арасында көпбалалы отбасылар, еңбек әулеттері және өз саласында жетістікке жеткен азаматтар бар. Ұрпақтар сабақтастығын сақтап, білім мен бірлікті ту еткен мұндай шаңырақтар — өскелең жрпа үшін шынайы өнеге мектебі. Ұлттық және отбасылық құндылықтарды дәріптеп, кейінгі буынға аманаттап жүрген барлық әулетке зор алғысымды білдіремін. Өңірімізде берекесі мен бірлігі жарасқан мерейлі отбасылар көбейе берсін! — деді облыс әкімінің орынбасары Руслан Кенжебеков.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы елімізде 2014 жылдан бері тұрақты түр-

де ұйымдастырылып келеді. Оның басты мақсаты — отбасы институтын нығайту, ұрпақтар сабақтастығын сақтау, жанұялық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу, елге үлгі болар әулеттердің өмірлік тәжірибесін кеңінен насихаттау.

Биыл байқауға өтінімдер 15 мамыр мен 15 маусым аралығында қабылданды. Ұйымдастырушылар ұсынған дерекке сүйенсек, 2014 жылдан бері Қарағанды облысынан ұлттық байқауға 330 отбасы қатысқан.

Үміткерлердің өнегелі жолын мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен құрылған арнайы комиссия саралады. Бағалау барысында отбасылық дәстүрлердің сақталуына, бірнеше буын өкілдерінің жетістіктеріне, әулеттің қоғамдық белсенділігіне, бала тәрбиесіне және ұлттық құндылықтарды дәріптеуіне айрықша мән берілді. Яғни, байқауда бір отбасының ғана емес, тұтас әулеттің елге сіңірген еңбегі мен кейінгі ұрпаққа көрсетер өнегесі таразыға түсті.

Байқау қорытындысы бойынша III орын Қарқаралы ауданынан келген Бейсенаевтар әулетіне бұйырды. II орынды

Осакаров ауданының Пята әулеті иеленсе, I орын Нұра ауданынан қатысқан Пішенбаевтар отбасына берілді. Ал, облыстық кезеңнің Гран-при жүлдесін қарағандылық Пернебаевтар әулеті қанжығалады.

— Бір шаңырақтың астында ұлымыз, келіміз және бес немеремізбен тату-тәтті өмір сүріп жатырмыз. Әулетіміздің жаны — өнер. Өзіміз өлең айтып, сөз қадірін ұқсақ, қызымыз бен немерелеріміз домбыра тартып, ән шыққайды. Өнермен қатар, балаларымыз бен немерелеріміздің сапалы білім алуына да ерекше мән береміз. Үлкен немереміз Назарбаев Университетінде оқиды, ал, одан кейінгі екі немереміз Назарбаев зияткерлік мектебінде білім алып жүр. Балаларымыздың осындай жетістігі — біздің ең үлкен мақтанышымыз, — дейді бас жұлде иеленген әулеттің әжесі Несібелді Мәкенқызы.

Айта кетейік, облыстық кезеңнің бас жүлдесін иеленген Пернебаевтар әулеті енді республикалық кезеңде Қарағанды облысының намысын қорғайды.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Маңдай тердің мерейі



(Соңы. Басы 1-бетте)

Ардагер маман жастарға білім алып, үнемі ізденіп, жаңа технологиялар мен жабдықтарды меңгеруге кеңес береді. Оның айтуынша, өндірісте ең бастысы — қауіпсіздік. Қауіпті болса, тәуекелге бармау керек. Адамның өмірі мен денсаулығы бәрінен қымбат.

Ал, «Кенші даңқы» III дәрежелі медаліне орталық байыту фабрикасы «Восточная» өндірістік қызметінің ауысым бастығы Любовь Кудрук лайық деп танылды.

Марапат иелерінің қатарын «Qatmet» компаниясының корпоративтік наградаларына ие болған еңбек адамдары толықтырды. «Құрметті кенші» атағымен «Саран» шахтасының тазалау кенжарындағы тау-кен жұмысшысы Бекзат Каликов, «Қазақстан» шахтасының кен қазушысы Еркнат Елеуханов, Костенко атындағы шахтаның жабдықтарға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі электрлесарі Алесь Баранова, «Абай» шахтасының тазалау кенжарындағы тау-кен жұмысшысы Рустам Масягутов, Ленин атындағы шахтаның жерасты тау-кен монтажнигі Рафис Хайретдинов, «Шахтинск» шахтасының

тазалау кенжарындағы тау-кен жұмысшысы Нұрсұлтан Сұлтанов, Түсіп Күзембаев атындағы шахтаның №1 учаскесінің жерасты электрлесарі Ғазиз Смағұлов, «Восточная» орталық байыту фабрикасының кран машинисі Юлия Лейскова, «Тентек» шахтасының №1 дайындық жұмыстары учаскесінің бастығы Борис Учиров және «Арнайы шахта монтаждау және газсыздандыру» басқармасының №1 учаскесінің жерасты бұрғылау қондырғысының машинисі Бағдат Төрқұлов марапатталды.

Марапатталғандардың әрқайсысы — өндірістегі жауапты еңбектің өкілі. Бірі жерасты жұмыстарын атқарса, енді бірі техниканың үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді.

Салтанатты кеште «Qatmet» компаниясының акционері әрі Директорлар кеңесінің төрағасы Андрей Лавренцев және Көмір департаментінің директоры Жақан Мұхамеджанов та кеншілерді кәсіби мерекесімен құттықтады.

Мерекелік шара концерттік бағдарламамен жалғасын тапты.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

• ПАРАСАТ

Сәлем – әдептің әліппесі

Мемлекет басқарудың күн тәртібі бір сәт саябыр таппайды. Бір мезетте экономиканың ертені сараланып, ел қауіпсіздігі таразыланып, өндіріс пен білімнің, әлеуметтік саланың түйткілдері талқыланады. Осындай іргелі істердің арасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамның күнделікті тіршілігінде елеусіздеу көрінетін, бірақ, ұлттық мінезді айқындайтын амандасу әдебіне арнайы тоқталды. Мұның өзі мемлекеттің мерейі тек экономикалық көрсеткішпен емес, халқының мәдениетімен, жүріс-тұрысымен, бір-біріне деген құрметімен де өлшенетінін аңғартады. Өйткені, үлкен қоғамдық өзгеріс кейде заң мен бағдарламадан емес, бір ауыз сәлемнен басталса керек.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Құрылтай депутаттары сайлауында дауыс бергеннен кейінгі брифингте «Қазақстанская правда» газетінің тілшісі Юлия Магер Президенттен жаңа мәдениет пен жаңа қоғамдық этиканы қалыптастыру жайын сұрады. Қасым-Жомарт Тоқаев жастар мен егде адамдардың жүріс-тұрысына қарап, байырғы дәстүрлі құндылықтарға оралу қажет деген байламға келгенін айтты.

– Ер адамдардың бір-бірін құшақтап, сүйіп амандасуы, сәлемдесу барысында әйелдердің еректерді, еркектердің әйелдерді бетінен сүюі дұрыс емес. Біздің салт-дәстүрімізде мұндай ешқашан болмаған, – деді Мемлекет басшысы.

Президент ер-азаматтардың қолды нық қысып, жылы жүзбен амандасуын, ал, адамды көргеніне шын қуанышты болса, оң қолын кеудесіне қойып, сәлем беруін жөн көретінін жеткізді. Әсіресе, әскери формадағы азаматтар мен генералдардың көпшілік алдында құшақтасып, сүйісіп амандасуын оғаш көретінін жасырмады. Алайда, айтылған ойдың ауқымы амандасудың сыртқы қалпымен ғана шектелген жоқ. Мемлекет басшысы тазалықты көше мен ауланың тазалығымен қоса, ой-сана және жан дүниіне тазалығы деп түсіну қажеттігін айтты.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Қойлыбай Асан Президент көтерген мәсе-

ленің түп-төркінін ұлттық болмыспен сабақтастырады.

– Шын мәнінде, әр халықтың ғасырлар бойы қаныммен, жанымен, өмір сүру заңдылықтарымен қалыптасқан асыл дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары болады. Қазір заманның ағымы, уақыттың талабы басқаша деп халқымыздың әдеп тұрғысындағы ізгі қасиеттерін тәрк етуге әсте болмайды. Мемлекет басшысының сөздері әдеп пен ибаға қатысты ұлттық құндылықтарымыздың жақсы тұстарын дәріптеп, соған қайта оралуымыз керектігін мензейді. Сондай-ақ, тазалық деген ұғымның ой-сана, жан дүние тазалығынан бастау алатынын орындай айтты. Осы ойлар іс жүзінде өмір сүру дағдымызға айналуы тиіс, – дейді профессор.

Президенттің бұл пайымы қоғамда кеңінен қолдау тауып, зиялы қауым өкілдері, қаламгерлер, ғалымдар мен қоғам белсенділері амандасу әдебінің әр қырын сөз ете бастады. Бірі оны ұлттық болмысқа оралу деп бағаласа, енді бірі жеке кеңістік пен қоғамдық мәдениетті сақтаудың қажеттігімен байланыстырды. Әлеу-желілерде де үлкен мен кішінің, ер мен әйелдің, алыс-жақын туыстың қалай амандасқаны жөн екені қызу талқыланып жатыр. Пікірлер әр алуан болғанымен, көпшіліктің тоқайласқан тұсы біреу. Сәлемдесу – әдеттегі ишарат қана емес, адамның тәрбиесін, айналасына деген құрметі мен ішкі мәдениетін танытатын өлшем.

Жаңа қоғамдық этика тура-



лы ұстаным бүгін ғана айтылған жоқ. Мемлекет басшысы оны Ұлттық Құрылтайдың Түркістанда өткен екінші отырысында көтеріп, ел бірлігі, әділдік, заң мен тәртіп, сенім мен жауапкершілік, еңбекқорлық пен білімпаздықты «Адал азамат» ұғымының аясына топтастырған еді. Кейін «Таза Қазақстан» бастамасында сыртқы тазалықты қоғамдық сана мен елге жанашырлықтың өлшемі ретінде атады. Осы тұрғыдан алғанда, амандасу туралы сөз – әуелгі орамды ойдың бүгінгі заңды жалғасы.

Ұлттық әдептің ерекшелігі де осында. Жеке адамның талғамынан гөрі, ортақ ортаның жөн-жосығымен өлшенген. Кіші үлкенге, аз адам көпшілікке, аттылы жаяуға, сырттан келген адам үй ішіне алдымен сәлем береді. Ал, дастарқан басына жүрт жайғасып болған соң кірген азамын отырғандарды жағалап, ас үстінде жаппай қол алысуы міндет емес. Оң қолын кеудесіне қойып, бар-

шаға бірдей сәлем беруінің өзі – құрмет. Мұның бәрі бұлжымас заңнан гөрі адамның жасын, жолын, отырған ортасын аңғаратын қазақы пайымнан туған.

Заңғар жазушы Мұхтар Мағауиннің естеліктерінде осы әдептің талай көрінісі сақталған. Ол ұстазы Бейсенбай Кенжебаев туралы жазбасында: «Кафедрада түрегеп сәлем бердім, көшеде қол қуысырып иба білдірдім, ешқайсысының алдын кесе-көлденең өткем жоқ», – дейді. Жазушы мұны көлгірсу емес, «жасы үлкен алдындағы әдеп» деп бағалайды. Ал, Жәнібек Көрменов туралы естелігінде Ғарифолла Құрманғалиевтің жасы үлкен Жүсіпбек Елебековке әдейі сәлем бере келіп, иіліп тәжім ететінін айтады. Сәлемнің соңы бірер ауыз амандықпен бітпей, өнер мен ағайынның жайын сұрасқан емен-жарқын әңгімеге жалғасады. Демек, сәлем беру – қол тигізіп өте шығатын рәсім емес, қарсы алдындағы адамға ықылас танытып, халін білудің жолы.

Көркем әдебиетіміз де осыны айғақтайды. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолындағы» амандасу көріністерін арнайы зерттеген тілтанушылар Бағдан Момынова мен Меруерт Имангазина беттен сүюдің дәстүрлі ортада талғап қолданылғанын көрсетеді. Романда ол көбіне үлкен адамның балаға деген мейірімін білдіреді. Ал, маңдайынан иіскеу – ана мен бала, әже мен немере арасындағы айрықша жақындықтың белгісі. Құшақтау, бауырына басу, арқасынан қағу секілді әрекеттер алыстан келген жолаушымен көріскенде, ұзақ сапардан кейін қауышқанда көрінеді. Күнделікті сәлемдесу болса, негізінен сөз, жылы қабақ және ізет арқылы көрініс тапқан.

Коронавирус індеті кезінде адамзат қол алысу мен бет түйістіруден уақытша бас тартып, арақашықтық сақтауға мәжбүр болғанын білеміз. Сол тұста қолды кеудеге қойып сәлем беру қайтадан жиі көрінді. Індет басылған соң ескі дағдылардың қайта

оралғаны рас. Дегенмен, пандемия амандасу әдебінің денсаулық пен жеке бас шекарасына да тікелей қатысы барын аңғартып кетті.

Әлеуметтік желідегі талқы амандасудың қимылынан сөз қолданысына дейін жетті. «Армысыз!» бен «Ассаламағалейкүмді» бір-біріне қарсы қойған пікірлер де кездесті. Бұл арада академик Рәбиға Сыздықтың тілдік пайымы көп нәрсеге сәуле түсіреді. Ғалым «ар ма?», «армысыз» қолданыстарын бүгінгі моральдық «ар-ұят» ұғымымен ғана емес, көне түркі тіліндегі «арығ», «ару» – таза, есен-сау мағынасымен байланыстырады. Сонда «Армысыз?» дегеннің арғы мәні «Ауру-сырқаудан тазасыз ба, аман-есенсіз бе?» деген тілекке саяды. Ал, «Ассаламағалейкүм!» қазақ даласына исламмен бірге еніп, ғасырлар бойы тұрмысымызға сіңген бейбітшілік пен амандық тілеудің үлгісіне айналды. Екеуін таластырудың жөні жоқ секілді. Екеуінің де түбінде адамға амандық тілеу жатыр.

Таласбек Әсемқұлов қазақтың діни танымын күнделікті тұрмыс пен салттық болмысынан бөліп қарамаған. Расында, әдеп пен иба – жеке кітаптан оқып қана үйренетін қағида емес, дастарқан басында, туыстық қарым-қатынаста, үлкеннің алдын кесіп өтпеуде, бөтеннің шекарасын сыйлауда қалыптасатын өмірлік тәрбие. Қайнағ мен келіннің, жеңге мен қайынның, аға мен інінің арасындағы қашықтық та жатыснудан емес, өзара сыйластықтан туған.

Бұқар жыраудың: Өзек қуа ағады, Өзен судың сағасы. Алыстан сәлем береді,

Әдепті елдің баласы, – деуі де сондықтан. Сәлемнің сөзі мен сыртқы қалпы заманға қарай түрленуі мүмкін. Бірақ, оның арқауындағы құрмет, ұстамдылық пен кісілік өлшем жоғалмауға тиіс. Өйткені, сәлем түзелмей, адамдар арасындағы әлем де түзеле қоймайды.

Әділетті қоғамның әлеуеті зор

Заңның қағазға жазылған талап күйінде қалмай, адамның күнделікті дағдысына айналуы – құқықтық қоғамның басты нышаны. Тәртіп полицияның талабымен ғана орнамайды. Көшеде қоқыс тастамау, жол ережесін бұзбау, өзгенің құқығына қол сұқпау, интернеттегі күмәнді ұсынысқа еліктемеу, баланың түнгі уақыттағы жүріс-тұрысына жауапкершілікпен қараудың бәрі – құқықтық мәдениеттің қарапайым көрінісі. Сондықтан, ел көлемінде орнығып келе жатқан «Заң мен тәртіп» қағидатының түпкі мақсаты – заңды сыйлайтын, өз құқығын білетін әрі өзгенің құқығына құрметпен қарайтын қоғам қалыптастыру. Облыс аумағында да осы бағыттағы алдын алу және түсіндіру жұмыстары жүйелі сипат алып келеді.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Занды білу аз, оны құрметтеу керек

«Заң мен тәртіп» ұғымы кейінгі жылдары мемлекеттік саясаттағы негізгі қоғамдық қағидаттың біріне айналды.

Биыл бұл бағыттың құқықтық негізі де күшейді. 2 наурыздан бастап, Қазақстанның жаңа «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңы күшіне енді. Құжат құқық бұзушылықтың салдарымен жүресуден бұрын оның себебі мен оған ықпал ететін жағдайларды анықтап, алдын алуға басымдық береді. Профилактикаға полиция қызметкерлерімен қатар, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау органдары өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары, кәсіпкерлер мен жергілікті қоғамдастық та тартылуға тиіс.

Облыстық полиция департаменті профилактикалық жұмысты үйлестіру басқармасының бастығы Арман Құдайбергеновтің айтуынша, аймақтағы жұмыстың негізгі нысанасы – азаматтардың құқықтық сауатын арттырып, полиция мен халық арасындағы ашық байланысты нығайту.

– «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында халықтың құқықтық мәдениетін көтеру, азаматтардың ішкі істер органдарына деген сенімін



Қолжазба жасаған Шаһар Адамбеков

нығайту және құқық бұзушылықтың алдын алу үшін профилактикалық, ақпараттық-түсіндіру және имидждік шаралар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Біздің мақсат – әр адамға заң талабын түсіндіріп, құқық бұзуға жол бермей, алдын ала құқықтық тұрғыдан сауатты шешім қабылдауына ықпал ету, – дейді Арман Құдайбергенов.

Осы мақсатта облыстың полиция қызметкерлері жыл басынан бері әртүрлі аудиторияға арналған бірнеше тұрақты жоба ұйымдастырған. Қаңтар айынан бері полицейлер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қызметтік тәртіп пен адалдық қағидаттарын нығайтуға бағытталған «Адал полицей» акциясы аясында шаралар өтуде.

Одан бөлек, «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық профилактикасы» акциясы бірнеше мәрте ұйымдастырылды. Сонымен қатар, оқушылар мен студенттерге арналған «Жастардың құқықтық сауаттылығы» жобасы аясында дәріс, семинар мен кездесулер өткізілген.

Жолдағы жауапкершілік те құқықтық тәртіптің бір бөлігі. Сондықтан, жол-көлік оқиғаларының алдын алуға арналған түсіндіру акциялары өткізілсе, «Ашық полиция» кездесулері арқылы тұрғындар құқық қорғау органдары өкілдеріне тікелей сауал қоюға мүмкіндік алды.

Ал, «Заң көшеде» профилактикалық науқаны қоғамдық орындардағы тәртіпті сақтау, ұсақ құқық бұзушылықтарға тәз-

беушілік пен заңға құрмет қалыптастыруға бағытталған.

Тәрбие табалдырықтан басталады

Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы сөз болғанда, ең маңызды аудиторияның бірі – жасөспірімдер. Өйткені, балаға заңды тияым мен жазаның жиынтығы ретінде түсіндіру жеткіліксіз. Ол өз құқығымен бірге жауапкершілігі де бар екенін ерте ұғынуы керек.

Бұл бағыттағы жұмыстың қажеттілігін нақты жағдайлар да аңғартады. Биыл облыс аумағында өткен «Жасөспірім» жалғаш-профилактикалық шарасының алғашқы екі түнінің өзінде полицияға 133 жасөспірім жеткізіліп, олардың дені түнгі уақытта заңды өкілісіз жүргені анықталған. 11 бала Бейімдеу орталығына орналастырылған.

Мәселенің екінші жағы – баланы үрейлендіру емес, қауіптен қорғау. Қылмыстық орта да заманға қарай өзгерді. Бұрын жасөспірім үшін қауіп көбіне көше төбелесі немесе ұсақ бұзақылықпен өлшенсе, қазір оған әлеуметтік желілер арқылы есірткі тасымалдауға тарту, жалған табыс ұсыну, кибербуллинг пен интернеттегі алаяқтық тәрізді жаңа қатерлер қосылды.

Мәселен, биыл облыста есірткі таратпақ болған 17 жастағы жасөспірімге қатысты сот үкімі шығып, ол 4,5 жылға бас бостандығынан айырылды. Мұндай мысал

жас буынға құқықтық ақпаратты оқиға орын алғаннан кейін емес, одан бұрын жеткізудің қаншалық маңызды екенін көрсетеді.

Сондықтан, мектеп, колледждер мен жоғары оқу орындарында заң талаптарын сақтау, есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл, интернет-алаықтық, киберқауіпсіздік және жол қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі кездесулер тұрақты өткізіліп келеді. Оларға департамент басшылығы, ювеналдық және әкімшілік полиция, жедел қызмет өкілдері тартылған.

Одан бөлек, республикалық есірткіге қарсы акция аясында облыста ауқымды велошерулер ұйымдастырылды. Оған полиция қызметкерлерімен бірге мемлекеттік мекеме өкілдері, жастар ұйымдары, спортшылар мен тұрғындар қатысты.

Мұндай шараның мәні тек спорттық акция өткізуде емес. Есірткіге қарсы көзқарасты қоғамдық нормаға айналдыру қажет. Яғни, жас адамның санасында «есірткіні қолданбау» ғана емес, оны таратуға, жарнамалауға және осы қылмысқа өзгелерді тартуға да мүлде төзбеушілік қалыптасуы тиіс.

Қылмыс та «цифрланды»

Бүгінгі құқықтық сауаттың жаңа өлшемі – цифрлық саяқты. Телефонның арғы жағындағы «банк қызметкері», «тергеуші» немесе «қауіпсіздік қызметкерінің» сөзіне иланып, бар жиған-тергенінен айырылып қалатындар әлі де бар. Алаяқтар адамның қорқынышын, асығыстығын және оңай олжаға деген үмітін шебер пайдаланады.

Қарағанды облысының прокуратурасы осы тамыз айында жариялаған мәлімет бойынша, аймақта тіркелетін барлық қылмыстың 40 пайызға жуығын алаяқтық құрайды. Жыл басынан бері 1 306 алаяқтық дерегі тіркеліп, оның 916-сы интернет-технологияларды пайдалану арқылы жасалған.

Бұл көрсеткіштің өзі құқықтық түсіндіру жұмысының бұрынғыдай «заңды бұзба» деген жалпылама ескертумен шектеле алмайтынын аңғартады. Қазір азаматқа күмәнді сілтемені ашпау, SMS-кодты ешкімге бермеу, өзін банк немесе полиция қызметкері ретінде таныстырған бөтен адамның талабын тексеру, «қауіпсіз шот» деген желеуге сенбеу секілді күнделікті

цифрлық қорғаныс амалдарын үйрету қажет.

Сондықтан, облыста халық көп жиналатын орындарда да осындай түсіндіру акциялары өтіп жатыр. Қарағандыдағы сауда үйлері мен саябақтарда интернет-алаықтыққа қарсы кең көлемді профилактикалық жұмыс жүргізілген. Полиция дерегіне, техникалық қорғаныс жүйелері тәулігіне мыңдаған күмәнді қонырауды бұғаттап отыр.

Бұл арада қарапайым қағида бар. Алаяқтан кейін полицияға жүгіргенше, одан бұрын ақпаратқа жүгінген абзал.

Полиция мен халықтың арасы жақындаса

Арман Құдайбергенов алдағы жұмыста полицияның халықпен байланысына және жастар аудиториясына ерекше мән берілетінін айтады.

– Алдағы кезеңге арналған жұмыс жоспары құқықтық сауаттылықты көтеруге ғана шектелмейді. Біз үшін полиция мен қоғам арасындағы сенім, ашық диалог, азаматтық институттармен өзара іс-қимыл да маңызды. Осы мақсатта белгілі спортшыларды, қоғам қайраткерлерін және жастар ұйымдарын қатыстыра отырып, бірлескен профилактикалық әрі түсіндіру іс-шаралары жоспарланып отыр. Полиция қызметінің ашықтығы мен қолжетімділігі де осы жұмыстың негізгі бөлігі, – дейді басқарма бастығы.

Осы бағытта облыстық полиция департаментінде 2026 жылдың үшінші тоқсанына арнайы жоспар бекітілген. Онда жастардың құқықтық сауатын арттыру, студенттер мен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, азаматтық қоғам институттарымен байланысты нығайту және полиция қызметінің ашықтығын арттыру көзделген.

Құқықтық мәдениет орныққан қоғамда азаматтың өзі заңсыз әрекеттен тартынады, өзгенің құқығын таптамайды және тәртіп бұзушылықты қалыпты құбылыс ретінде қабылдамайды.

Сондықтан, «Заң мен тәртіп» қағидатының салмағы да осында. Заңнан қорқу мен заңды құрметтеу – екі бөлек ұғым. Біріншісі адамның әрекетін бақылау бар кезде ғана тежесе, екіншісі бақылаушы болмаса да жауапкершіліктен аттатпайды.

• ЕСКІРМЕЙТІН ЕСТЕЛІК

Ауысым жүгін арқалаған бір күнім

Кеншінің тағдырында разрядпен де, сыйақымен де, нарядтағы бір жол жазумен де өлшенбейтін бір сындарлы сәттер болады екен. Ондай мәнді мезеттердің өлшемінің бегенайы бөлек. Ол дегеніміз – штректегі тылсым тыныштық дер ме едік... Сол тұңғыық тыныштықта тек өз жүрегінің дүрсілі мен бүтін бір бригаданың орнына жалғыз өзі көмір қабатын тілген комбайнның күпіренген үні ғана естіледі...

Тариф текетіресі


Осындай тұнжыранқы түндердің бірі – 1982 жылдың 28 ақпанынан 1 наурызына қараған түн еді. Сол бір шақты «Киров» шахтасындағылар әлі күнге дейін ұмытпай еске алуы кәдік. Себебі, осы тосын жайт сирек кездесетін, тіпті адам сенгісіз оқиға еді. Тұтас учаскенің өндірістік жоспарын жалғыз адам атқара алған десем, сенер-місіз?..

1982 жылы мен «Киров» шахтасының №5 көмір өндіру учаскесінде тау-кен шебері болып еңбек ететін едім. Учаскені Иван Федорович Тирик баскарды. Қырық жылдан астам уақыт өтсе де, әріптестері оны әлі күнге дейін ерекше ілтипатпен еске алады. Тұмысынан іскер, тәжірибелі, өз ісінің білгірі болғандықтан, көпшілік оны үлгі тұтатын. Сол кезеңде ұжым түгелдей метан газы мол, аса қауіпті әрі үздіксіз бақылау мен темірдей тәртіпті талап ететін «К-2» көмір қабатын итеріп жатқан еді. 1982 жылдың 28 ақпаны айдың соңғы күніне сәйкес келмесі бар ма. Демек, түнгі ауысымдағылар ақпан айындағы еңбекақысының қанша болып есептелгенін бірінші болып білетін. Сол жылдың 1 ақпанынан бастап, шахтада тарифтік мөлшерлемелер көтерілді. Бесінші разрядты тазарту забойы кен жұмысшысының күндік ақысы бұрынғы 9 сом 60 тиынның орнына 12 сом 09 тиынға көтерілді.

Алайда, көл-көсір қуанышымыз ұзаққа созылмады. Тариф өскенімен, сыйақының пайыздық мөлшері қысқартылған болып шықты. Соның салдарынан ай сайынғы үйреншікті 600-700 сомның орнына небәрі 350 сом ғана есептелген көрінеді. Ал, осы кезде учаске ақпан айында жоспардан тыс он мың тонна көмір өндіріп үлгерген болатын. Сол түні нарядты учаске бастығының орынбасары қабылдады. «Үш жүз елу сом» деген сан айтылған сәтте-ақ жұмыс киімін ауыстыратын ортаны ауыр үнсідік басты. Артынша әлгі үнсідік наразылыққа ұласты. Алты көмір өндіру және екі қазба жүргізу учаскесінің жұмысшылары бірауыздан шахтаға түсуден бас тартты. Шахтаның бас инженері Мартагов болса, танертең бәрін қайта есептеп шығуға уәде беріп, жұмысшыларды қанша үгіттегенімен, еш нәтиже шықпады. Адамдар өз шешімдерінен таймай, алған беттерінен қайтпады.

Шешім

Мен тау-кен шебері едім. Демек, мойнымдағы жауапкершілік тек жоспарды орындаумен шектелмейтін. Ең бастысы, лавадағы ахуалға тікелей жауап беру болатын. Метанның деңгейі, төбе жынысының



Суретер жиі


беріктігі, кен қазбасының қауіпсіздігі, мұның бәрін бір сәтке де қараусыз қалдыруға әсте болмайтын.

Иә, үшінші ауысым төртінші ауысымның шахтаға түспейтінін білген жоқ. Сондықтан, комбайн төменгі ойықты кесуді аяқтамай, сол күйі қалып қойған-тын. Забойдың екі метрлік бөлігі тіреусіз, ашық жатты. Басқа жағдайда машинистер комбайнды кейін шегіндіріп, жетекті орнына жылжытып, бірінші және екінші үлгідегі секцияларды, түйісу тіректерін бекітіп, лаваны қауіпсіз күйде қалдырар еді ғой. Бірақ, бұл жолы олай болмады. Ал, бірінші, жөндеу ауысымы секцияларды жылжытумен айналыспайтын. Олардың өз міндеті, өз жұмысы бар болатын. Мен шахтаға жалғыз түстім...

Оқпан түбінде кеншілер трамвайы күтіп тұр екен. Рельс жолының соңына дейін жетіп, одан әрі лаваны бетке алып, он бес минуттай жаяу жүрдім. Ақыры жұмыс орнына көтерілгенде, кез келген тау-кен шеберінің жүрегін тітіркенетін көрініске тап болдым. Тіреусіз қалған төбе жынысы сын сәтінде опырылып түсіп, лаваны басып қалып, бүкіл учаскенің кемінде бір тәулікке тоқтап қалуына себеп болуы кәдік-тұғын.

450 тонна көмір

«Жалғыз адамдық ауысым» деген осы деп қоямын күбірлеп ішімнен. Мұнан кейін ешбір адамға жалғыз атқаруға рұқсат етілмейтін жұмыс басталды да кетті. Әуелі жоғарғы ойықтағы және секциялардың артындағы газ жиналатын қалтарыстағы метан мөлшерін өлшедім. Содан кейін



«Егер бүгін түнде бірде-бір учаске жұмысқа шықпаған болса, бұл көмір қайдан келді?» деген сауал бәрінің танданысын тудырған. Көп ұзамай оның №5 учаскеден өндірілгені белгілі болды. Кенес Одағында мұндай жағдай болғанын білмеймін, – деген еді сол кезде ауысым бастығы.

қазбаның дұрыс желдетілуі үшін желдеткіш «желкенін» қайта іліп қойдым. Конвейер желісін түгел тексердім. Лаваның астындағы СР-70 конвейерін, телескопиялық «ЛТ-80» таспалы конвейерін қарап шықтым да, дереу қаретқаларын тазалап, артық жүктеме датчигінің жұмысын бақылап қойдым. Ауысым бастығына телефон шалып, жағдайды баяндадым да, тасымалдау конвейерлерін іске қосуды сұрадым.

Содан кейін өзім «КШ-3» комбайн пультіне тұрдым. Төменгі шнегін түсіріп, жоғарғысын төбе жынысына дейін көтердім де, бес метр алға жылжыдым. Бір заматта тоқтап, күреппен забойды тазаладым. Кесу тереңдігін тексергенде, қалыбынан он сантиметр топырақ қабатына дейін қайта өлшеп, комбайнды астына және қайтарып, шнекті 10 см түсіріп, комбайнды қайтадан жаңадан жылжыттым.

Конвейерді қайта іске қосып, төменгі ойыққа қайта кірдім. Ақырын жиырма бес метр жылжыдым. Жетекті босатып, алға жылжыттым да, қайта бекіттім. Бірінші және екінші үлгідегі «Комплексе 81-Э» секцияларын, сондай-ақ, түйісу тіректерінің орнын ауыстырдым. Лавалық конвейерді айналдырып, қырғыштарының сынбағанын тексердім. Өйткені, бір ғана сынған қырғыш төменгі бөлікте кептеліп қалса, тұтас бір бригаданың жұмысын үш-төрт сағатқа дейін тоқтатуы ықтимал еді. Домкратпен майысқан қырғыштарды түзетіп болған соң, қайтадан жұмысымды жалғастыра түстім.

Комбайнды іске қосып, бірінші берілісті қосып, забойдағы көмірді шауып, төменгі шнекті бір метр көтеріп, үстіңгі қабатқа жылжыттым. Осылайша метр сайын алға ұмтылдым. Қырық-елу метр жүрген соң тоқтаймын. Конвейерлік штрекке қарай жүгіріп барып, қаретқаларды тазалаймын. Датчиктерді тексеремін. Май станциясын қараймын. Содан кейін қайтадан комбайнға ораламын. Комбайн артынан бірінші типті секцияны забойға итеріп отырдым.

Жоғарғы ойыққа кіріп, комбайнмен отыз метр төмен түстім. Жетекті босатып, орнына қойым, қайта бекіттім. Түйісу тіректерін және екінші үлгідегі секцияларды алға таман орналастырдым. Содан соң қайта қырық-елу метр... Тағы штрек... Тағы қаретқалар... Осылайша төменгі ойыққа қайта жетіп, комбайнды 25 м көтердім. Жетек пен конвейерді, бірінші секцияны, екінші типті забойға жылжыттым. Ұзындығы – 125 метр, еністігі – 12 градус, биіктігі 135 метр болатын көмір пластын жалғыз өзім бір ауысым ішінде толық кешіп өттім. Сол баршаға жұмбақ ауысымда жер бетіне 450 тонна көмір шығарылды...

Одақта болмаған оқиға

Жұмыс сәтімен аяқталған соң ауысым бастығына телефон шалып, жағдайды баяндадым. «Комбайн 25 метр биіктікте». «Лавадағы ахуал қалыпты». «450 тонна көмір өндірілді». Телефон желісінің арғы жағындағылар алғашында аң-таң болған. Себебі, скиптегі диспетчерге алденеше рет басшылық тарабы хабарласып, «Егер бүгін түнде бірде-бір учаске жұмысқа шықпаған болса, бұл көмір қайдан келді?» деген сауал бәрінің танданысын тудырған. Көп ұзамай оның №5 учаскеден өндірілгені белгілі болды.

– Кенес Одағында мұндай жағдай болғанын білмеймін, – деген еді сол кезде ауысым бастығы. – Бір адамның механикаландырылған кешенде бір ауысымда 450 тонна көмір өндіргені бұрын-соңды болған емес.

Арада ондаған жылдар өтсе де, мен учаске бастығы Иван Федорович Тирикті әрдайым жүрегімдегі жылылық ілтипатымен еске аламын. Дәл сол кісінің басшылығымен 1982 жылы №5 учаске 500 мың тонна көмір өндіріп, «Қарағанды-көмір» өндірістік бірлестігі бірінші болып, бүкіл тарихында алғаш рет осындай ауқымды нәтижеге қол жеткізді. Сондай-ақ, нық тіресе еңбек еткен әріптестерімізді де ризашылықпен тілге тиек етеміз. Социалистік Еңбек Ері Қадыр Әбдірасыловты, тау-кен шебері Винникті, тау-кен маманы Шнайдер Александрды, комбайншы Семеновты, тазарту забойының кен жұмысшылары Кливерді, Нагибинді, Лебедьті, Радчинскийді, Ключникті, сондай-ақ, электр слесарі Рудиды құрметпен есімізге түсіреміз.

Тұрсын ӨТЕГЕНОВ,
ардагер кенші

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Еңбекке көрсетілген құрмет

Қарағандының көмір өндірісі талай әулеттің тағдырымен біте қайнасқан. Өндірістегі әлеуметтік қолдау тек жалақымен, бір реттік төлеммен шектелмейді. Ол қолдау еңбек жағдайы, денсаулық, демалыс, материалдық көмек және сала ардагерлеріне көрсетілетін құрметті қамтиды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Qarmet» АҚ-ның баспасөз қызметінің дерегіне, бүгінде «Qarmet» қызметкерлерінің әлеуметтік кепілдіктері ұжымдық еңбек шарт пен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы негізінде сақталып отыр. Компания мен «Қорғау», «Жақтау» кәсіподақтары арасындағы келісімдер еңбек ұжымының тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Қызметкер үшін ең маңызды мәселенің бірі – еңбекақы. Qarmet-те жалақыны индексациялау тәртібі бекітілген. Соған сәйкес, 1 қантардан бастап сағаттық тарифтік мөлшерлемелер мен айлық лауазымдық жалақылар жыл сайын 4,5 пайызға индекстеледі. Әлеуметтік міндеттемелер қатарында материалдық көмек көрсету де бар. Мәселен, 2025 жылы болат және көмір департаменттерінің, «Құрылысмет» және «Qarmet Service» қызметкерлері арасындағы кәсіподақ мүшелеріне біржолғы материалдық көмек төленді. Ұжымдық шартта қызметкерлердің түрлі жағдайдағы әлеуметтік қажеттіліктеріне ар-

налған басқа да кепілдіктер қарастырылған.

Әлеуметтік мәселелердің шешімін табу көбіне жұмыс беруші мен кәсіподақ арасындағы келіссөзге байланысты. «Қорғау» Көміршілер кәсіподағының төрағасы Евгений Буслев жаңа ұжымдық шартты әзірлеу барысында кеншілер үшін маңызды мәселелердің кеңінен талқыланып отыратынын атап өткен. Олардың қатарында еңбекақы, жеңілдікті тұрғын үй бағдарламасы, «Жартас» шипажайы мен «Шахтер» демалыс үйін ретке келтіру, сондай-ақ, арнайы әлеуметтік төлем мәселелері бар. Кәсіподақ үшін басты міндет – шахтадағы еңбек адамының мәселесін келіссөз үстеліне шығарып, оның шешілуіне ықпал ету.

Әлеуметтік саясаттың тағы бір ерекшелігі отбасын да назардан тыс қалдырмауы. «Qarmet» АҚ басқарма мүшесі – қаржы және стратегиялық даму жөніндегі басқарма төрағасының орынбасары Зәуре Заурбекова жаңа ұжымдық шартта қызметкерлер мен олардың отбасыларын қолдауға бағытталған шаралар қамтылғанын айтқан.

– Құжатта қызметкерлер мен

олардың отбасыларын қолдаудан бастап, еңбек жағдайларын жақсарту, медициналық қолдау, кадрлық әлеуетті дамыту, әлеуметтік кепілдіктер және тағы басқа көптеген бағыттар қамтылған, – дейді Зәуре Заурбекова.

Бұл сөздің астарында қарапайым еңбек адамының күнделікті өміріне қатысты мәселелер жатыр. Қызметкердің тұрақтылығы оның отбасының жағдайымен де тікелей байланысты. Кенші еңбегінің ауырлығын ескерсек, денсаулықты қалпына келтірудің маңызы зор. Осы бағытта «Qarmet» қызметкерлерін сауықтыру бағдарламалары жалғасып келеді. Кеншілерге «Шахтер» демалыс үйі мен санаторийі, «Жартас» демалыс орны ұсынылады. Бұдан бөлек, Балқаш пен Бурабайдың курорттық аймақтарына да жолдамалар беріледі. Қазір аталған әлеуметтік нысандарды жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Мұндағы мақсат – қызметкерлер мен олардың отбасыларына демалып, денсаулығын қалпына келтіруге қолайлы жағдай жасау.

Әлеуметтік қолдаудың үлкен бағдарламалардан бөлек, қарапайым тұрмыстық жағдайдан басталатыны бар. Комбинатта іске асырылып жатқан «Гигиена» бағдарламасы осыған бағытталған. Бағдарлама аясында шахталардағы монша және әжетхана бөлімдері қалыпқа келтіріліп жатыр. Сырт көзге ұсақ көрін-



генімен, шахтадағы жұмысшы үшін күнделікті өмірдің маңызды бөлігі. Ауысымнан кейін жуынып, тынығып, қалыпты тұрмыстық жағдайға оралу – еңбек мәдениетінің де бір көрсеткіші.

Кен өндірісінде еңбек еткен аға буынның орны бөлек. Бүгінгі өндірістің қалыптасуына олардың жылдар бойғы еңбегі негіз болды. Сала ардагерлеріне көрсетілетін қолдау да әлеуметтік саясаттың бір бөлігі болып отыр. Ардагерлер үшін сауықтыру бағдарламалары, түрлі әлеуметтік шаралар ұйымдастырылады. Олармен бірге

спорттық және ауқымды іс-шаралар өткізіліп, еңбек жолын кейінгі буынға насихаттау жұмыстары жүргізіледі. Qarmet-тің әлеуметтік міндеттемелерінде жұмыс істемейтін зейнеткерлер мен олардың жұбайларына «Шахтер», «Жартас» және «Самал» нысандарына жеңілдікті жолдамалар беру мүмкіндігі де қарастырылған. Ардагер кеншілердің басын қосатын қоғамдық бірлестік те бұл бағыттағы жұмыстарға атсалысып келеді.

«Qarmet», «Қорғау» және «Жақтау» кәсіподақтарының әле-

уметтік міндеттемелерді сақтау жөніндегі келісімінде жұмысшының жалақысы, отбасының жағдайы, денсаулығы мен ертеңге деген сенімі тұр. Өндірістік қуатты жаңғырту, технологияларды жаңарту, қауіпсіздікті арттыру жұмыстары әлеуметтік тұрақтылықпен қатар жүреді. Бүгін шахтаға түсіп жүрген жұмысшы да, ондаған жыл бұрын қара көмірдің ортасында еңбек еткен ардагер де осы құрметке лайық.

Сурет «Qarmet» телеграмм каналынан

• ЕРТЕҢ – ШАХТЕР КҮНІ

Аппақтың алақанында оянған арман

Кешегі қойшы баланың алақанына сыйған бір уыс қара тас түбі сан қаланың шамын жағып, ел өнеркәсібінің қара қазанын қайнататын қазыналы дәулетке айналады деп кім ойлаған? Жер қойнауының тынысын ашқан Қарағанды көмірі соғыстың сұрапыл жылдарында зауыттардың отын өшірмей, бейбіт күнде өмірге өмір сыйлады. Бірақ, жер астынан байлық өндіру – тек марапат пен мерекеден тұрмайды. Шахтер шамының жарығында ұлы еңбекпен қатар жүретін қасіреттің де табы бар. Аппақ Байжанов тапқан қара тастан бастау алатын бұл шежіре – ең алдымен, газ жұтып, тозанға тұншыққан қайсар жандардың тағдыры екені даусыз...

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Оянған өлке

Сөз зергері Ғабит Мүсірепов тұтас бір дәуірдің болмысын «Оянған өлке» деген екі ауыз сөзге сыйғызды. Оның суреттеуіндегі Қарағанды – бір күнде дүр етіп дүрмекке ілескен мекен емес. Меніреу жатқан даланың тынысына әуелі саудагердің есебі, одан соң кеншінің қайласы араласты. Романдағы Ігілік – көркем жинақталған бейне болғанымен, оның тарих сахнасынан орнын ойып тұрып алғанын біз осыған дейін жаздық. Ігілік Өтеповтің есімі 1856 жылғы тарихи актіден де ұшарасады. Сол құжат бойынша Қарағанды басылдағы көмір қабаттарын ғана емес, жер қойнауынан кейін табылуы мүмкін өзге металдар мен минералдарды игеру құқығы да Ушаков бастаған компанияға берілді. Алған 250 сомды кейін өзі де, мұрагерлері де даулап сұрамауға тиіс болды.

Сол жылы «Верхняя Марианна» кабатының үстінен Иванов разрезі ашылды. Көмір өндірудің алғашқы жылында қалған-құтқан отынның есебі ғана сақталған. Ал, 1857 жылы мұнда 59 адам еңбек етіп, олардың 25-і қазақ болған. Олар бір жылда шамамен 966 тонна көмір өндірді. Техника атымен жоқ. Кен қайламен бұзылып, күреспен зембілге салынып, адам күшімен жер бетіне шықты. Кен ошағы кейін де қолдан-қолға өтті. 1904 жылы Лондонда құрылған «Спасск мыс кендері» акционерлік қоғамы Қарағанды мен Саран көмір кендерін өз иелігіне алды. 1908 жылы Қарағанды мен Спасск зауытының арасына қырық шақырымдық тар табанды теміржол тартылып, қара отын мыс өндірісінің құретамамыра айналды. 1918 жылы кәсіпорын мемлекет меншігіне өткенімен, Азамат соғысы мен өндіріс дағдарысы көмір өндірісін тұралақты. Тас қабатты темір тисіз үңу – тайыншаның мұрнын жұлдырықпен тескендей мехнат еді. Сөйтіп, Аппақтың алақанына сыйған бір уыс қара тас тұтас өлкені ғасырлық ұйқысынан оята бастады.

Көмір майданы

Өнеркәсіптік Қарағандының шын мәніндегі дүрбелені отызыншы жылдары басталды. 1930 жылы алғашқы барлау шахталарынан небәрі 12 мың 780 тонна көмір алынған еді. Қу далаға жан-жақтан жұмысшы ағылды, бірінің қолында – құрек, бірінің нығында – жалғыз түйіншек. Көмірлі өңір



солардың көз алдында кентке, кент қалаға айналды. Кеше ат шығырын айналдырған шахталарға электр жетіп, қайланың қасына ауа қысымымен соғатын шойбалға келді. Сөйтіп, 1940 жылы бассейін құрамындағы 22 шахта мен бір разрез 6,3 миллион тонна көмір өндірді. Қарағанды одақтағы үшінші көмір ошағына айналып, өндіріс енді байырқалай бастағандай еді.

Десе де, ел үстін соғыс бұлтты торлады. Донбасс жау қолында қалғанда Орал мен Сібірдегі зауыттардың үміті Қарағандыға ауды. Енді жер астынан шыққан әр вагон көмір майданға атылған окпен пара-пар еді. 1942 жылы КСРО Қорғаныс министрлігі Қарағанды бассейнінде көмір өндіруші шұғыл арттыру жөнінде арнайы қаулы қабылдады. Шахтаға Донбастан мыңдаған білікті маман келді. Ал, майданға кеткен азаматтардың орнын әйелдер, жасөспірімдер мен еңбек ардагерлері басты.

Жетпістің жотасына шыққан байырғы кенші Бекбосын Сықымбаев соғыстың екінші күні-ақ қайласын қайта қолға алып, шахтаға түсті. Оразалы Шәкіров секілді өмірдей балалар мектеп партасын уақытша тастап, лампа тасушы, тіреуші, токарь болды. Ж.Мұқанова, К.Құлжанова, М.Каримова бастаған әйелдер де қара жердің қойнына түсіп, ерлермен бірдей тер төкті. Оларға атақ пен абыройдан бұрын, тым құрыса аяқты суық пен сыздан қорғайтын қонышы қалып, шойтабаң етік қымбат еді.

Осындай жанкешті еңбектің арқасында 1941 жылғы 7,2 миллион тонна көмір 1944 жылы 10,9 миллионға, ал, Жеңіс жылы 11,3 миллион тоннаға жетті.

Қайладан – кешенге

Соғыс аяқталғанымен, шахтадағы майдан бір күнге де тынған жоқ. Елге оралған жауынгерге үй тұрғызу, қираған қалаларды қалпына келтіру, жана зауыттардың отын өшірмеу керек еді. Қарағанды кеншісі енді бейбіт күннің жүгін арқалады. 1946 жылы өндіріс сәл саябырсығанымен, келесі жылы-ақ көмір көлемі бір жарым миллион тоннаға артты. Ал, 1950 жылы бассейн 16,3 миллион тонна қара алтын берді.

1948 жылдың тамызында Қарағанды алғашқы Кеншілер күнін қарсы алды. Сол жылы Түсіп Күзембаев, Жансейіт Әбдірахманов, Мұстафа Айтқұлов бастаған он қарағандылық кенші Социалистік Еңбек Ері атанды. Бұлар – кешегі қол қайланың дәуірінен жаңа техниканың тілін менгерген өтпелі буын еді. Қарағандыда әкесі түскен шахтаға баласы түсіп, ағасы ұстаған сайманға інісі ие болды. Кәсіп осылайша нәсіптен дәстүрге айналып, тұтас кеншілер әулеттері қалыптасты.

Шахтаның іші де өзгеріс еніштелді. 1945 жылы бассейінде небәрі тоғыз скреперлі конвейер (қырғызшты конвейер) болса, бес жылдан кейін олардың саны 965-ке жетті. Ат пен арқанға сүйенген тасымал жүйесін электро-воз алмастырды. 1953 жылы Қарағанды тау-кен институтының ашылуы кен ісін білек күшімен ғана емес, білімнен игеретін жаңа буынды тәрбиеледі. Кеше көмірді зембілмен көтерген өлке енді жер астына темірден түйін түйген алып кешен түсірді.

1966 жылы Леонид Дандзбергтің бригадасы «Қарағанды-7/15» комбайнымен бір айда 2523 метр жер қазып, дүниежүзілік көрсеткішке қол жеткізді. Қарағандылық машина кейін Монреальдағы халықаралық көрмеге қойылды. 1978 жылғы 18 қаңтарда «Северная» шахтасынан Қарағанды бассейнінің миллиардыншы тонна көмірі шығарылды. Сексенінші жылдары жылдық өндіріс елу миллион тоннадан асып, кеншілер қаласының данқы алысқа жайылды. Өйткенмен, көмір керуені ұзаған сайын жер астындағы еңбек жеңілдеп кеткен жоқ. Машинаның тісі темір болғанымен, оның тізгінін ұстаған адамның жүрегі еттен еді. Алда кеншінің маңдай тері ғана емес, төзімі де таразыға тартылар күндер келе жатты...

Каска

қағылған алаң

Сексенінші жылдардың соңына қарай сырт көзге айбарлы көрінген алып өндірістің ішкі сызаты сыр берді. Миллиондаған тонна көмір өндіретін кеншілер қаласында баспана кезегі жылжымай, дүкен сөресі жұтап, қарапайым сабынаға дейін қат дүниеге айналды. Еңбек жағдайы мен еңбекақы төңірегіндегі

түйткіл де қордалана берді. «Бас жарылса – бөрік ішінде» деп жүрген кеншілердің күпті көңілі ақыры арнасынан асты.

1989 жылдың жазында Қарағанды шахталары бірінен кейін бірі жұмысты тоқтаты. Жер астында үнсіз тер төгіп келген мыңдаған адам қаланың орталық алаңына шығып, каскасын тасқа қақты. Бұл дыбыс бір қаланың ғана емес, тұтас қоғамның мызғымас көрінген қабырғасына тиген қайладай жаңғырды. Кеншілер жалақыны көбейтуді ғана сұраған жоқ. Олар еңбек жағдайын жақсартуды, азықтүлік пен тұрмыстық тауар тапшылығын жоюды, баспана мәселесін шешуді талап етті. Семей ядролық полигонын жабу жөніндегі талаптың айтылуы да кенші наразылығының қара бастың қамынан биік тұрғанын аңғартты.

Алайда, алаңдағы ащы үннен кейін де ауыр кезең аяқталған жоқ. Одақ ыдырап, токсаныншы жылдардың тоқырауы басталғанда көмірлі қалалардың тынысы тарылды. Кей шахтаның шамы сөніп, кей-бірінің қақпасына қара құлып салынды. Жалақы айлап кешігіп, жер астында өмірін тәуекелге тіккен талай кенші еңбегі еш, тұзы сор болып жүргендей күй кешті. Бір кезде елдің қара қазанын қайнатқан қол енді өз үйінің қазанына алаңдайтын халге түсті.

Сонда да кенші қауым кәсіптен қол үзген жоқ. Өйткені, шахта олар үшін жалғыз жұмыс орны емес, әкеден балаға қалған аманат еді. Бірақ, өндіріс жаңа меншік иесінің қолына өткен соң көмірдің есебі өзгергенімен, адам өмірінің бағасы қаншалық өзгерді деген сауал жауапсыз қалды.

Аппақ Байжановтың алақанына сыйған бір кесек қара тас содан бері тұтас қара алтынның қамбасына айналды. Оның қызуы зауыттарды жүргізді, қалаларды жылытты, иен далаға ел қондырды. Ал, сол қара тастың соңынан жер қойнына түскен сан мыңдаған адам Қарағандыны кеншілердің қайсар қаласы етті. Ғабең айтқан «оянған өлке» – жер астындағы қазынаның ғана емес, еңбектің қадірін таныған елдің оянуы еді.

Суреттер облыстық өлкетану мұражайынан



ленетін «Шұбаркөл көмір» АҚ да сенімді серпіп көрсетіп келеді. Өткен жылдағы маусым айының қорытындысы бойынша «Қазақстан темір жолы» желісінде компания өнімін экспорттау көлемі бойынша рекорд тіркелді. Бір айда 841 мың тонна көмір сыртқы нарыққа жөнелтілген. Қарағанды көміріне деген сұраныстың географиясы да кеңейіп келеді. Осы жылдың қаңтар-ақпан айларында Қазақстан көмірінің Ресей аумағы арқылы транзиттік тасымалы 1,5 есеге өсіп, 2,2 млн тоннаға жетті. Әсіресе, Усть-Луга мен Тамань порттары арқылы өтетін бағыттарда өсім айқын байқалған. Бассейіннің болашағы жаңа жобалармен де толығып отыр. Қарағандыда құны 43 млрд теңге болатын жаңа тас көмір шахтасын іске қосу жобасы әзірленуде. Кәсіпорын жылына 1,15 млн тонна көмір өндіруге есептелген. Ал, расталған қоры 19 млн тоннадан асады. Ұр жаңа өндіріс іске қосылған жағдайда, 900-ге жуық шахтер тұрақты жұмыспен қамтылады. Жобаның тағы бір маңызды ерекшелігін айтсақ, өндірілетін көмірдің толық көлемін ішкі нарықта өткізу көзделді.

• ҚАҺАРМАН

Ағалар жолын жалғаған

Мәди Әлешев Бұқар жырау ауданындағы Үміткер ауылында көпбалалы отбасында туып-өсті. Марқұм әкесі Зейнолла механизатор болып істесе, он баланы өмірге әкелген Батыр анасы Жібек осындағы ұчаскелік ауруханада еден жуушы еді.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Өзі қатарлы балалармен 1985 жылы ауылындағы орта мектепті бітірген ол көршілес Керней ауылындағы селолық кәсіптік-техникалық училищеден жүргізуші мамандығын алып, одан кейін 2 жыл Кеңес әскері қатарында әскерде болады.

Армиядан кейін туған жерде бір жылдай жұмысшы болып, Саран қаласындағы техникалық училищедің престоуші және токарь мамандықтарына оқып алады. Содан осы қаладағы РТБ зауыты жабылғанша 4 жыл сонда еңбек етіп, 1993 жылдан бастап, міне, 33 жыл бойы жерасты кеншісі болып тер төгіп келеді. Оның бұл кәсіпке түбегейлі бет бұруына алдындағы ағалары Бота мен Жұматайдың көрсеткен өнегесі қозғау салған. Яғни, кезінде әскерден оралып, жиырма жасынан «Саран» шахтасында көмір қазған Бота бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отырса, «Костенко» шахтасында кенші болған Жұматай ағасы бұл күнде араларында жоқ.



Осыдан кейін Мәди қазір жабылып қалған «Долинка» шахтасында 10 жыл жерасты жұмысшысы болып, 2003 жылдан бері Шахтинск қаласындағы «Қазақстан» шахтасында жерасты оқпаншысы қызметінде. Оның міндетіне күнделікті кәсіпорынның кеншілерін, материалдарды 400 метрден астам тереңдіктегі жер астына кілтпен түсіріп, алып шығу мен кен жыныстарын үстіге көтеру кіреді екен. Әлбетте, бұл жұмыс техникалық қауіпсіздікті қатаң сақтау және асқан жауапкершілікті талап етеді. Әзірге Мәди ондай кемшіліктерге жол бермей, өзіне жүктелген бұл істі абыроймен атқарып, шахта әкімшілігі мен әріптестері арасында абырой мен құрметке бөленіп жүр. Үшінші разрядты оқпаншының сол үшін алған алғыстары мен грамоталары қаншама.

– Қазірде жасым 58-ге толса да, өзім сүйген бұл кеншілік жұмысымды қимай, ағаларым салған жолмен жүріп келемін, – дейді тәжірибелі кенші Мәди Әлешев. Әйтпесе, өткен жылдан бері жерасты жұмысында 20 жыл өтілі бар кеншілердің зейнет демалысына шыға беруіне болатын көрінеді.

Сонау кеншілік жолын бастаған 1993 жылы Шолпан деген өмірлік жарын тапқан Мәди қазір Абай қаласында тұрып жатыр. Ұзақ жылдар Шахтинск қаласында тергеуші болып істеп, капитан шенінде отставкаға шыққан Шолпан екеуі көзінің ағы мен қарасындай Сағыныш есімді қыздарын тәрбиелеп өсірген. Бөкетов университетін бітірген бұл баласы спорттың кукушинкай түрінен қара белбеу иегері.

Бүгін бізбен кездесіп, сөйлескеннен кейін Мәди кенші өздерінің кәсіпорнында болатын Шахтерлер күніне арналған салтанатқа асығып бара жатты...

P.S. Бет қатталып жатқанда кәсіби мерекесіне арналған салтанатта кейіпкеріміз Мәди Әлешевтің III дәрежелі «Шахтер даңқы» төсбелгісімен марапатталғаны туралы қуанышты хабар келді.

Абай қаласы

Технология өндірісті түлетеді

Телегей тарихының тұтас бір тарауы жер астындағы көмір қабатында жазылып келе жатқан өмірлі Қарағанды, көмірлі Қарағанды халқының тірнекті тіршілігіне жылу сыйлап, тұтас өлкенің еңбек шежіресін лайықты деңгейде жалғастырып келеді. Бір қарағанда, бұрнағы даңғайыр дәуір «жасыл» энергетикаға бет бұрған кезекті кезеңнің көлеңкесінде қалғандай әсер қалдырғанымен, көмір бассейнінің бүгінгі тынысы мүлде өзге көріністі көлденең тартады. Көмір өндірісі тоқырап қалған жоқ, керісінше, соны сапалық кезеңге қадам басып келеді.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Маңызы орасан сала технологиялық тұрғыдан жаңарып, инвестициялық серпін алып, өндірістің тиімділігі мен қауіпсіздігіне басымдық беруде. Соңғы айлардағы көрсеткіштер де осы үрдісті айғақтайды. Былтыр Қазақстан аумағында 120,53 млн тонна тас көмір өндірілді. Өсім көмір өнеркәсібінің барлық негізгі сегментінде аңдалды. Көмір концентратын өндіру көлемі 19,5 пайызға, ал, қоңыр көмір (лигнит) өндірісі 6,4 пайызға артқан. Биылғы жылдың алғашқы айларындағы мәліметтер де осындай ол динамиканың сақталғанын растайды. Мысалы, қаңтар-сәуір айларында тау-кен өнеркәсібіндегі өндіріс индексі 107,1 пайызды құрады. Аймақ – өндіріс көлемі жоғары қарқынмен өскен өңірлердің қатарында. Ресми мәліметтерге сүйенсек, былл көмір саласына 553 млрд теңгеден астам инвестиция тарту жоспарланып отыр. Ал, елдегі жалпы көмір өндіру көлемін 128,9 млн тоннаға жеткізу көзделген. Республиканың көмір қоры да ұзақмерзімді әлеуетін айқындайды. Барланған қор көлемі 33 млрд тоннадан асады. Мұндай дәйек Қазақстанды көмір қоры жөнінен әлемдегі алғашқы ондыққа енгізеді. Демек, көмір өнеркәсібінің алдында әлі де ауқымды өн-

дірістік әлеует бар.

Республикалық өндірістің үштен бірі өндірісті өңірдің үлесінде. Өңірдегі өндірістің ауқымын көмір кәсіпорындарының құрылымы да аңғартса керек. Қазірдің өзінде облыста 10-ға тарта жерасты шахтасы әрі шамамен 13-14 көмір разрезі жұмыс атқарып келеді. Жерасты өндірісінің үлесі жылына орта есеппен 10 млн тонна болса, тағы 12 млн тоннаға жуығын «Шұбаркөл» кәсіпорны, осындай көлемдегі көмірді «Қазақмыс» кәсіпорындары өндіреді.

Жекелеген шахталарда жоспарлы жөндеу жұмыстары жүргізілген кезеңде өндірістің тұтастай тоқтап қалмауы да саланың икемділігін көрсетеді. Мұндай жағдайда шахтерлер уақытша басқа ұчаскелерге ауыстырылып, өндірістік үдеріс жалғаса береді. Яғни, Қарағанды бассейні – тек көмір өндірілетін аумақ емес, ондаған жылдық тәжірибесі, қалыптасқан өндірістік инфрақұрылымы және нақты даму жоспарлары бар ірі өнеркәсіптік жүйе. Көмір бассейніндегі соңғы айлардың ең маңызды жаңалығының бірі – Qazmet компаниясының бірнеше нысанда қатар жүргізіп жатқан ауқымды техникалық жаңғырту жұмыстары деп баса белгілер едік. Бірқатар шахталарда бір мезгілде көмірді құрғақ байытуға арналған заманауи кешендер салынып

жатыр. Теңдессіз технология шикізаты кейінгі өндеуге жібермес бұрын, оны өндіру кезеңінің өзінде сапасын арттыруға септеседі. Мәселен, Т.Күзембаев атындағы шахтада немістің Hauhincso компаниясы шығарған жоғары өнімді сорғы станциясын іске қосу жұмыстары жүргізілуде. Оның тұрақты жұмыс істеуі тазарту забойындағы кеншілердің қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Жабдық Qazmet компаниясының Өнеркәсіпті дамыту қорымен бірлескен жұмысы аясында сатып алынған. Алдағы уақытта осындай қондырғыларды компанияның өзге шахталарына да орнату жоспарланып отыр. Компания өкілдерінің мәліметінше, қолға алынған шаралардың нәтижесі қазірдің өзінде нақты көрсеткіштерден көріне бастаған. Өңір шахталарындағы қазба жұмыстарын жүргізу уақыты 30 пайызға қысқарған. Ал, проходкалық забойлардың саны 11-ден 45-ке дейін көбейген. Тың қарқын шахталардың алдағы жылдарда тұрақты өндірістік жүктемемен жұмыс істеуіне сеп. Егер бұған дейін комбинаттың көмір департаментіне қарасты сегіз шахтаның үшеуі ғана жұмыс істеп келген болса, бүгінде олардың жетеуінің жұмысы қалпына келтірілді.

Бассейіндегі ірі ойыншы энергетикалық көмір жоғары калориялылығымен және күлділігінің төмендігімен ерекше-

• СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖАБЫЛҒАНЫНА – 35 ЖЫЛ

Халықаралық «АТОМ» жобасының Құрметті елшісі,

Әлемдік дәрежедегі «Ядросыз болашақ үшін» сыйлығының лауреаты Кәріпбек КҮЙКОВ:

Жақсы адамдарды құшақтағым келеді

Үнсіз радиацияның зардабын сайын далада мұнсыз тірлік кешкен қазақ елі 40 жыл тартқан екен-ау! Иә, радиация үнсіз еді. Залалы уақыт өте келе замана запыранына айналып, қолсыз туған баласын қасіретке құндақтаған ананың зарына ұласты. Әскерилер әкеліп таратқан спиртке «бөгіп» алып, екі басты қозысы мен төрт көзді лағын өрістен қайырып келе жатқан қария күрсінгенде, жер сілкінгендей дүмпу сезілетін. Аспанға санырауқұлақ пішінді қою қара бұлт көтерілгенде, Жер-Ана жөтелгендей болатын-ды. Сонда ғана үніміз шығып, ға-сыр қасіретіне айналған сынақ алаңына наразылық білдіргенбіз.

Арқаның шығыс бөктерінде 1949-1989 жылдар аралығында 473 ядролық сынақ жасалынты. Семей полигонындағы әрбір сынақ жай ғана әскери тәжірибе емес, миллиондаған адамның қанына у болып тарап, мындаған шаңырақтың шаттығын ұрлаған қасірет дүмпуі еді.

Биыл – сол қасірет алаңының жабылғанына 35 жыл. Сынақ алаңы жабылғанмен, миллиондаған адамның жүрегіндегі жара жазылған жоқ. Өмірге екі қолсыз келіп, полигон зардабын шеккен, Семей полигонының жабылуына белсенді атсалысқан Халықаралық «АТОМ» жобасының Құрметті елшісі, қоғам қайраткері, әлемге танымал суретші Кәріпбек Телтайұлы Күйіковтің әңгімесін тыңдағанда Семей даласындағы сол жарылыстар өз кеудене көшіп алғандай күйзелесім. Көз алдына алты аяқты бұзауының бас жібін тісімен тістеп алып, жетектеп келе жатқан екі қолы жоқ бала бейнесі келе қалады. Бұл – ғасырдың күйігі мен тағдырының батпан жүгін арқалап келе жатқан Кәріпбектің бейнесі еді.

Олай болса, Кәріпбек аға сөйлесін...

«Мен Семей полигонының құпиясын әшкерелеп туғанмын»

– Кәріпбек аға, Сізді қазақ елі ғана емес, бүкіл әлем жұрты «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының белсендісі ретінде біледі. Дәл осылай кемтар болып тұмағанда, осы қозғалысқа қатысар ма едіңіз?

– Әрине, қатысар едім. Өйткені, мен – сынақ алаңына өте жақын орналасқан ауылдың тумасымын. Полигонның зардабын көзіммен көріп өстім. Мендегі кемтарлық өзімнен бұрын ата-анам ауыр салмақ, өмірлік қасірет болғанын бала жүрегіммен сезіндім. Менің анамның жағдайын көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Маған дейін екі баласы (бір ұл, бір қыз) белгісіз дертпен туып, бір жасқа толмай шетінен кеткен. Менің жағдайым – мынау. Анамның таңертең төсегінен тұрып, менің көрпемді қымтап, үйден жылап шығып бара жатқанын талай көрдім. Маған аяушылық сезіммен қарайтын. Ештеңе айтпаса да, ойындағысын сезіп жатамын. Мүмкін, басқа қол-аяғы сау балалардың шешесі сияқты: «Тұр, балам. Қораны тазалап, сиырларға су бер», – дегісі келетін шығар. Бірақ, мен оны істей алмайтын болғандықтан, оның барлығын өзі атқарады. Әкем болса, күндіз-түні совхоздың жұмысында.

Мұндай ауыр жағдай тек біздің үйде ғана емес, бір Егіндібұлақ өңіріндегі әрбір екінші үйде болатын. Радиацияның таралу аумағына өте жақын орналасқандықтан болар, біздің Егіндібұлақ төңірегінде 250-ден астам отбасы полигон зардабын тартқан екен. Баласы дерттен аман туса, малы құбыжық болып туады. Малы кеселсіз төл туған үйдің баласы әртүрлі ауытқушылықпен туады. Біз өрістен алты аяқты бұзау, екі басты қозы, төрт көзді лак қайырып өстік.

Біздің бір көршіміздің алты баласы болды. Алтауы да дертті болып туған. Кейбір ауылдастарымыздың туған балалары қырқынан шықпай шетінен жатты. Талай ата-ана кемтар болып туған нәрестелерінен бас тартуға мәжбүр. Қаншама жас ана түсік тастап, бір шакалаққа зар болып, өмірлері өкүмен өтті. Он бала туып, сол он баласы да түсініксіз дертке шалдыққан бір отбасын жақсы білемін.

Осының барлығын Семей полигоны салдарынан болған қасіретті жағдай екенін жан-тәніммен сезінген шақта білек сыбана алмасам да, белді бекем буып күреске шықтым. Сөйтіп, 1989 жылы қазақтың ұлы ақыны, қажырлы қайраткер Олжас Сүлейменов бастаған «Невада-Семей» қозғалысына белсене қатыстым.

– Дүниеге кемтар болып келген балаларды емдеуге, олардың диагнозын анықтап, тиісті шешім қабылдауға КСРО медицинасының қауқары жетпеді емес, жетті ғой. Неге әрекет етпеді?

– Емдегеніңіз не, кемтар болып туған баланың ата-анасын нәрестеден бас тартуға мәжбүрледі емес пе. Менің әке-шешем де сондай ұсыныс болған екен. «Өмірлеріңізді өксігіп не қыласыздар? Балаға бауыр басып қалмай тұрғанда, бізге қалдырыңыздар», – депті дәрігерлер. Бірақ, әкем келіспеген. «Әр бала өз отбасында өссін» деген шешім қабылдап, мені анаммен бірге үйге алып келіпті.

Мұның барлығы не үшін? Полигон құпиясын бүркемелеу үшін, әрине. Науқас балалар тым көбейіп кетсе, әр ата-ана нәрестені емдетуге, диагнозын анықтауға әрекет етеді. Олар персони есепке алынады. Есепке алынған соң, статистика өзгереді. Статистика сырды ашады. Осы тұрғыдан алғанда, мен – полигон құпиясын әшкерелеп туған баламын.

Мені бір екпемен «ұйықтата салу» туралы ұсыныс әкеме екі рет жасалған екен. Ол кезде мен есейіп қалғанмын. Ленинградтан оқу бітіріп келген кезім. Ол жактағы протездеу орталығының

бірде-бір протезін қолай көрмедім де, бәрінен бас тартып, елге оралдым. Әкей марқұм үмітін үзбей, мені жетектеп, тағы бір профессорға бармай ма... Көмек сұрап, үміт артып келген адамға әлгі профессор: «Өскен сайын жағдайы күрделене береді. Сіздерге ауыр болып, жандарыңызға батып жүрсе, мәселені бір екпемен шешуге болады», – деп кеңес беріпті.

Сөйтсек, олардың бар ойы полигонның ауыр салдарын әшкерелеп туған біз секілділердің санын бір-бірлеп азайта беру екен ғой...

– Олжас Сүлейменовпен қалай танысып, қашан кездестіңіз?

– Ең алғаш Олжас ағаның Семей полигоны туралы сөйлеген сөзін теледидардан көрдім. 1989 жыл. «Невада-Семей» қозғалысының енді құрылып, жаппай халық Горбачевтің «Жариялылық» науқанының жылымығын сезіне бастаған кезі. Семей полигонының зардабы шектен шығып, ядролық сынақ құрбандары-



ның көбейіп бара жатқанын айтар мінбе таппай жүрген қасірет «құрбанының» бірі ретінде Олжас Омарұлының өткір айтқан пікірін зор үмітпен қабылдадым. Қозғалысқа мүше болуға ұмтылдым. Қарағандыда «Невада-Семей» қозғалысының бөлімшесі ашылды дегенді естіп, облыс орталығынан 300 шақырым жердегі Егіндібұлақтан арнайы келдім. Бөлімше төрағасы Марғұлан Хамиев деген азамат екен. Былтыр қайтыс болып кетті. Антиядролық қозғалыс бастамасын кеншілер, біршама белсенді азаматтар қолдап, бөлімше құрамы әжептәуір толығып қалған екен. Менің жағдайымды көріп, қозғалысқа бірден қабылдады.

Содан кейін өзім Олжас ағаны іздеп, Алматыға сапар шектім. Олжас Сүлейменов Қазақстан Жазушылар одағында отырады екен. Сол кезде одақтың хатшысы болды ма, есімде жоқ. Әйтеуір, сол ұлт руханиятының қарашаңырағында кездесіп, таныстық. Сол күннен бері замана зауалымен бірге күресіп, қаншама шетелдерге бірге сапарладық.

«Невада-Семей» қозғалысы мақсатына жетті»

– Белгілі бір іспен айналысқан адам ауыр ойдан арылып, бойы сергіп қалады ғой. «Невада-Семей» қозғалысына белсене қатысу денсаулығыңызға байланысты күйзелісіңізді жеңілдеткен болар-?

– Мен бұл қозғалысқа қайраткер атану үшін кірген жоқпын. Өз басымдағы күйзеліс те ештеңе емес еді. Туған халқымның басындағы ауыр ахуал, замандастарымның денсаулығы, туа салып шетінен жатқан сәбилердің қасіреті, аналардың көз жасы, шөккен нардай әкелердің дәрменсіздігі көп ойландырды.

Мен осы «Невада-Семей» қозғалысының белсендісі болғандықтан, өзіміздің



Жапонияда өткен митингте Олжас Сүлейменовпен, 1993 жыл

төңіректегі шалғай ауылдарды көп араладым. Тіпті, оңаша жайлауда отырған шопандар отбасындағы жағдайлармен таныстым. Сонда перзентханаға жетуге мұршалары болмай, киіз үйде кемтар бала босанған аналардың ауыр тағдырын көзіммен көрдім. Барлығын өз тізіміме енгізіп, «Егіндібұлақ статистикасын» жүргіздім. Ауру балалар тізімінің күн сайын ұзарып бара жатқанына налыдым.

Дұрыс айтып отырсыз, мен осындай

кен күресіміз жанданып, 1991 жылы 29 тамызда мақсатына жетті. Әрине, жаһандық сипат алған күрескер қозғалыстың жеңіске жетуінде Қазақстанның сол кездегі Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың, ең алғаш 1989 жылы Семей полигонын жабу жөнінде дабыл қағып, Горбачевке хат жазған Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Кешірім Бозтаевтың және «Невада-Семей» қозғалысының жетекшісі Олжас Сүлейменовтің ерікке пара-пар ерен еңбектері болғанын атап өтуіміз керек.

– «Невада-Семей» қозғалысының өз өміріңіздегі мән-маңызы туралы айта кетсеңіз...

– «Невада-Семей» қозғалысы менің өмірімді түбегейлі өзгертті деуге болады. Өмірімнің жаңа парағы, тағдырымның жаңа кезеңі осы қозғалыс арқылы ашылды. Бойымда күрескерлік рух оянды. Мен бұл қозғалыстың арқасында әлемге бейбітшілік жаршысы ретінде де, қылқалам шебері ретінде де танылдым.

АҚШ-тың Невада штатында болдық. Ол елдегі бастамашы топты Қазақстанға шақырдық. Невада штатындағы жарылыс құрбаны болған отбасыларда болып, олардың жағдайын көзімізбен көрдік. Олар да кемтар балаларын көшеге шығара алмай, тура біздегідей шерменде күй кешіп отыр екен.

Картиналарымды аркалап, АҚШ, Франция, Араб Әмірліктері, Ұлыбритания, Түркия, Жапония, Қытай, Германия мемлекеттерінде жеке көрмелерімді өткіздім. Осы «Невада-Семей» қозғалысының арқасында алмасам да, Нобель сыйлығына ұсынылдым. «Жарылыс» аталатын бір картинамды АҚШ-тың бұрынғы Президенті Барак Обамаға, қыран құс бейнеленген тағы бір картинамды Дубайда өткен «EXPO-2022» көрмесінде әлемнің аңыз актері Жан-Клод Ван Дамма сыйға тарттым. АҚШ Президентіне сыйға тартылған суретте мен өзімнің әкемді бейнелеген едім. Ядролық бомбаның жарылысын көріп, көзін жұмып тұрған бейнесі. Сурет менің идеямды ғана емес, Қазақстан халқының ұстанымын танытады.

Қандай жетістікке жетіп, қандай абыройға кенелсем, соның барлығы – бірінші менің өмірімді сақтап қалған ата-анамның, сосын осы қозғалыстың арқасы. Қозғалыс құрамындағы бірлескен жұмысымыздың және бізді қолдаған барша отандастарымның арқасы.

– Бүгінгідей геосаяси ахуал күрделеніп, әлем халқы үрей мен күдік құшағында отырған шақта ядролық қару мәселесі әлі де өзекті күйінде тұр. Осы орайда Қазақстан ұстанымы туралы пікіріңіз қандай?

– Қазақстан – әлемде бірінші болып ядролық қарудан бас тартқан ел. Қазір де сол ұстанымынан айныған жоқ. Кейбір мемлекеттер арасындағы қарулы қақтығыстардың соңы атом қаруын қолдануға дейін шиеленісіп кете ме деген қауіп қой – Сіздің айттып отырғаныңыз. Әбден мүмкін. Осындай күрделі ахуал кезінде біздің Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың дипломатиялық ұстанымы мен бітімгерлік саясаты Қазақстанның абыройын алты құрлықтың алдында асқақатып отыр. Біздің бақытымыз – осы! Сондықтан да, ел болып Президент саясатын қолдауымыз керек.

«Анамды құшақтамаған адаммын»

– Кәріпбек аға, арманыңыз не?

– Арманым көп. Мен – анамды құшақтай алмаған адаммын. Қазір де жақсы адамдарды құшақтағым келеді. Оған еш мүмкіндігім жоқ. Қазірдің өзінде әлем жұртшылығын тамсандырып жүрген картиналарым қолмен салынғанда, бәкім, алты құрлықтағы ең талантты суретші атанар ма едім...

Осының бәрі – арман.

– Қиналған, қорланған кездеріңіз болды ма?

– Қайсыбірін айтайын?.. 1996 жылы Егіндібұлақтан Қарағандыға қоныс алдым. Рахмет, облыс басшылығы «Ардагерлер үйінен» пәтер берді. «Невада-Семей» қозғалысының жұмыстарымен жүріп-тұрамын. Дамыл таппаймын деуге де болады. Жеке көлігім жоқ болғандықтан, барар жеріме автобуспен қатнаймын. Көпшіліктің ортасында жүргеннен кейін әртүрлі жағдайларға ду-шар боласың ғой.

Қыс мезгілінде қалың киінгендіктен, қолымның жоқ екені сырт көзге байқала бермейді. Бірде автобуста келе жатсам, ұлты орыс кондуктор жол ақысын төлеуімді талап етсін. Мен қалыпты дағдымен мүгедек екенімді, тегін жүруге құқылы екенімді айтып жатырмын. Өлгі кондуктор келіншек «Ендеше, құжатыңды көрсет», – деп дікіндейді. Мен: «Мына қалтамаңнан алыңызшы», – деймін сыпайы ғана. Өзім алып көрсетуге қолым жоқ. Оған қарап жатқан кондуктор апай тағы жоқ. «Сенің қалтаңды ақтарып жататын уақытым жоқ», – деді де, келесі аялдамадан жұлқылап-жұлқылап түсіріп кетті. Сол жолғы қорланғаным әлі есімнен кетпейді.

– Бүгінгі қоғамның келбеті туралы қандай көзқарастасыз? Көңіліңіз толмайтын, жаныңызды жабырқататын көріністер бар ма?

– Мен өмірімнің 11 жылын елден жырақ, Ленинградта өткіздім. Сонда арнаулы мектепте оқыдым, училище бітірдім. Елге оралғанда, ана тілімде бір ауыз сөз айта алмайтынмын. Өзімнің жігерімнің, ұлтыма деген сүйіспеншілігім мен құрметімнің арқасында анамның сүтімен қаным дарыған өз тілімді қайта меңгеріп алдым. Елден бір қадам сыртқа шықпай-ақ, өзінің ана тілінен жеріген жастардың тірлігі жанымды жабырқатады.

Иә, мен жастармен, оның ішінде студенттермен, мектеп оқушыларымен жиі кездесемін. Оларға өзі тағдырымызды мысалға келтіре отырып, қиындық атаулыны өнер, спорт, басқа да рухани машықтар арқылы жеңуге болатыны туралы әңгімелеймін. Он екі мүшесі сау бола тұра, ата-анасына масыл болып отырған жастарға қарап, қынжыламын.

Сондай-ақ, қол-аяғы балғадай жігіттердің менде жоқ, менде мүлде болмаған қолдың бағасын білмей, сол сау қолдарымен қылмыс жасап, түрмеде отырғаны жүйкеме салмақ түсіріп, жүрегіме жүк артады.

– Керемет әсер құшағына еніп, рухани ләззатқа бөленген сәттеріңіз есіңізде ме?

– 1993 жылы тамыз айында Олжас аға екеуіміз Жапонияда өткен Бүкіләлемдік антиядролық қозғалыстың митингісіне қатыстық. Маған сөз берді. Мен сонда: «Біздің «Невада-Семей» қозғалысының символы – көтерілген қол. Біз сол бейне, сол қозғалыс арқылы атом жарылысына қарсылық білдіреміз. Өкінішке қарай, мен ол қимылды жасай алмаймын. Семей полигонының салдарынан өмірге қолсыз келдім. Мен Сіздерден сол қимылды мен үшін жасауларыңызды сұраймын. Өйткені, Сіздер де жарылыс зардабын бастарыңыздан өткергенсіздер», – дедім. Сол сәтте алаңдағы үш мыңнан астам адам орындарынан өре түрегеліп, қолдарын көтерді. Сол сәттегі толқуды ешқашан ұмытпаймын.

– Жасың күндері Нью-Йоркке сапарлап бара жатыр деп естідік... Сапар оң болсын!

– Рахмет! Иә, 31 тамыз-1 қыркүйек күндері Нью-Йорк қаласындағы БҰҰ-ның Бас ассамблеясында Ядролық сынақтарға қарсы Халықаралық қозғалыс күніне және Семей полигонының жабылғанына 35 жыл толуына орай дүниежүзілік конференция өтеді. Соған шақырту алдым. БҰҰ мінберінде Қазақстан халқы атынан сөз сөйлеймін.

– Бәрекелді! Салмақты сапар алдында уақыт тауып, сұхбат бергеніңіз үшін рахмет!

Сұхбаттасқан
Ерсін МҰСАБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»
Суреттер кейіпкердің
жеке мұрағатынан

• БАЙҚАУ

Жарнама тілі жарымжан болмасын деп...

Өмір кәсіпкерлерінің арасында «Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» атты облыстық байқаудың дiттегені – мемлекеттік тілдегі жарнама мәтіндерін сауатты әзірлеу мен рәсімдеуді насихаттау. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының тіл және жарнама саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуына үлес қосу, жарнама саласындағы үздік тәжірибелерді анықтауды мақсат тұтты. Сол арқылы қоғамда тіл тазалығын сақтаудың маңызын арттырып, сауатты, тартымды және талапқа сай жарнама мәтіндерін жазу дағдыларын қалыптастыру міндет етіп алынған.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқаудың алғысөзін Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы Алма Шалабаева айтты.

– Негізінде, жарнама дегеніміз – кәсіптің келбеті. Қаладағы жарнама – қаламыздың келбеті деп айтуға болады. Бүгінде қазақ тілінде кәсіп жүргізу трендке айналып келе жатыр. Қарап отырсақ, қоғамның талабы да сол. Заң бар және талап бар. Сондықтан, бүгінгі байқаудың маңызы зор. Мемлекеттік тілдің мәртебесін өсіріп, қолданыс аясын кеңейту бәріміздің міндетіміз, – деді Алма Шалабаева.

Байқау аясында қатысушылар жарнама мәтіндерін әзірлеу, сауатты рәсімдеу, мемлекеттік тіл нормаларын сақтау және көрнекі ақпаратты дұрыс орна-

ластыру бағытындағы жұмыстарын таныстырды.

Бұл – облыстық кезең. Осы кезеңге қатысқандар аудандық және қалалық кезеңдерден сүрінбей өтіп, іріктеліп келгендер. Ал, облыстық деңгейден I орын республикалық кезеңде облыс намысын қорғайды.

Байқау қорытындысы бойынша 8 ынталандыру сыйлығы берілді. Әрқайсысына 50 мың теңгеден ақшалай жүлде табысталды. Зауре Абдыкаримова мен Гүлжайнар Шораева жүлделі III орынды иеленді. Оларға 100 мың теңгелік сертификат табысталды. Береке Жарылғапова мен Гаухар Тасырбасева II орыннан көрініп, 200 мың теңгелік сертификатты иеленді. Ал, 300 мың теңге көлеміндегі сертификаты бар I орынға Жанат Абулова лайық деп танылды.

• КӨЗҚАРАС

Білім, зайырлылық және сыни ойлау

Зайырлы қоғамның тұрақты дамуы ең алдымен сапалы білім мен саналы ұрпақ тәрбиесіне байланысты. Қазақстан Республикасында зайырлылық қағидаты азаматтардың ар-ождан және діни сенім бостандығын құрметтеуге, әртүрлі дүниетаным өкілдерінің теңдігін қамтамасыз етуге негізделген. Осы тұрғыдан алғанда, білім беру жүйесі жастардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырып қана қоймай, қоғамдағы мәдени және діни араландылыққа құрметпен қарауға үйрететін маңызды орта болып табылады.

Қазіргі ақпараттық кеністікте сыни ойлау дағдыларының маңызы ерекше. Әлеуметтік желілер мен интернет арқылы таралатын ақпараттың барлығы бірдей шынайы әрі сенімді емес. Жалған ақпарат, манипуляциялық мазмұн, радикалды және деструктивті идеялар адамның көзқарасына ықпал етуі мүмкін. Сондықтан білім алушы ақпарат көздерін салыстырып, деректерді саралап, кез келген пікірге саналуына және қоғамдағы жауапкершілігін сезінуіне жағдай жасайды. Білімді, сыни ойлайтын және азаматтық ұстанымы берік ұрпақ қалыптастыру – қоғамдағы бірлік пен келісімді сақтаудың, мемлекеттің тұрақты болашағын қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі.


Дмитрий ПОЛТАРЕНКО,
Қарағанды облысы бойынша
«Терроризмге қарсы комитет»
РҚБ филиалының басшысы,
Қарағанды облысы
ЖДБ басшылары клубының
модераторы

№199



Жаңалық әрқашан жаныңызда!

<https://ortalymq.kz/>



Электрондық пошта:

ortalymk.kaz@mail.ru

• ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Жомарт жүректің жылуы

Ауқатты адамның азаматтығын дүниесінің көптігі емес, елге тигізген пайдасы танытады. Байлық біреуге – бақ, біреуге – жауапкершілік. Ал, Сапар Ибкеев үшін дәулет – елге қарай бұрылған мүмкіндік. Қарапайым кеншіден кәсіпкерге дейінгі жолдан өткен ол биіктеген сайын туған жерінен алыстаған жоқ. Қайта елге қарай еңкейе түсті. Азаматтық деген осы емес пе?! «Бай болсаң, халқыңа пайдан тисің», – депті Әйтеке би бабамыз. Мерейлі 70 жасқа толған Сапар Көшкенұлының өнегелі өміріне қарасаңыз, осы бір ауыз сөздің қадірін көресіз.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сапар ағаның балалық, жастық шағы Шаханның іргесіндегі Северный ауылында өтті. Кеншілер өлкесінде өскен ол шахтаға ерте араласып, қара жұмыстың қадірін білді. Кенші болды. Бригадир болды. Өндірістің ыстығы мен суығын көрді.

Кейін заман өзгерді. Кәсіпкерлікке бет бұрды. Елімізде алғашқылардың бірі болып жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, өз ісін қалыптастырды. Еңбекпен келген дәулет оны өзгертпейді. Керісінше, ел алдындағы жауапкершілігін арттырды. «Сұңқар шашып жейді, қара құс басып жейді», – дейді қазақ. Сапар ағаның қолындағысын елдің қажетіне жаратуы осы тәмсілдің төркінін танытқандай.

Оның туған жеріне деген ықыласын бір ғана Шаханның өзінен-ақ аңғаруға болады. Кәсібі дөңселеніп, қалада зәулім үйлері бола тұра, Сапар аға Шаханды тастап кеткен жоқ. Қарашаңырағын сақтап, күн сайын Шахан мен қала арасында катынап жүр. «Сіз кетсеңіз, елдің берекесі қоса кетеді», – деген жерлестерінің сөзі – соның айғағы.

Шаханның мешіті, мәдениеті, спорты, әлеуметтік жағдайы оның назарынан тыс қалған емес. Елдімекеннің жылу мәселесі қиындағанда, қажетті қазандықты Ресейден арнайы алдыртып, орнатылуын өзі қадағалағаны да ел есінде. Кейде елге семіз сөз емес, нақты іс керек. Сапар ағаның тектілігі, азаматтық болмысы осындайда танылды.

Туған жердің тарихы мен рухын түгендеу де – азаматтық міндет. Сапар Көшкенұлы туған жерінде аналарға арналған бюст орнатуға, Қантаар оқиғасында қаза болған азаматтарды ұлықтауға арналған ескерткіш-тақта мен мемориалдық орын жасауға атсалысты. Қаза болғандардың отбасыларына көмек көрсетіп, олардың рухына арналған шараларды өткізуге қол-



дау білдіріп келеді.

Шаханда Кенесары хан мен оның қолбасшыларына арналған монументтің орнатылуы да – осы ұстанымның бір көрінісі. Ленин ескерткішінің орнына Кенесары хан бастаған азаттық күреске арналған тарихи-рухани нысан жасауға мұрындық болып, үш жүздің бірлігін білдіретін тұғыртас қойдырды.

Өткенін түгендеген ердің бүгінге де айтары бар. Ел тарихына тағзым – ұрпаққа аманат. Сапар ағаның бұл ісі де азаматтықтың осы биігін көрсетеді.

Сапар ағаның азаматтық мінезін танытатын әңгімелер ел арасында көп. Жастау кезінде Теміртауда болған ауқымды жанжалда қазақ баласының өліміне байланысты оқиғаға араласқаны айтылады. Қасына жүректі әрі білекті жігіттерді жинап, Теміртауға барған. Милиция басшылығынан мәселенің мән-жайын анықтауға бір сағат уақыт сұрап, кінәлілерді өздері тауып әкеліп, тәубесіне түсірген екен.

Тағы бірде автобуста қазақтың үлкен кісісін қорлаған азаматқа қарсы шығып, әлсізге ара түскен. Қаймықпай сөз айту бір басқа, ал, керек жерде сол сөзін іспен дәлелдеу – мәрттік. Сапар ағаның жастық шағындағы осы оқиғалар оның қайсар мінезін аңғартады.

Одан бөлек, Сапар Ибкеевтің 1989-1990 жылдардағы шахтерлер қозғалысы тұсында Семей ядролық полигонын жабу туралы айтқаны да ел есінде.

Жүректілік ел басына күн туған кезде сыныла, жомарттық елге қажет кезде білінеді. Сапар ағаның азаматтық болмысында осы екі қасиет қатар өрілген.

Сапар Ибкеевтің қорғанығының бір үлкен арнасы – руханият пен өнер. Қарағандыда Айтбай Жұмағұл ұйымдастыруымен жыл сайын өтетін Бұқар жырау оқулары мен Жұмабек Тәшенов

атындағы жүлденің тұрақты демеушісі – Сапар Ибкеев. Бұл жүлде мәдениет, әдебиет, журналистика, өнер, ғылым, ағарту салаларындағы үздіктерді ынталандырып келеді.

Сол жүлде арқылы менің де «Құмдауыт» атты алғашқы жыр жинағым жарық көріп, ағаның бауырға деген қолдауы мен сенімін сезінген едім.

Сапар Көшкенұлының қолдауымен Арқаның Ерболат Қуатбек, Рауан Қабидолдин, Жәнібек Әлмман, Ерік Нарын, Жадыра Байбұланова, Айзада Рақымжан, Кәмішат Хасен, Жоламан Әйткен сынды жас қаламгерлерінің жыр жинағы жарық көріп, республикалық әдеби ортада танылды.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын», – дейді қазақ. Мұндай жақсылықты айту – мақтан үшін емес, кейінгіге рух сыйлау үшін керек. Ал, рухтың бір қанаты – ұлттық спорт.

Сапар аға Шаханда жыл сайын Желіс күні – 9 мамырда өтетін ұлттық ат спорты ойындарының бойгесін тігуге демеушілік жасап келеді. Ат жарысы, көкпар, тоғызқұмалақ сияқты ұлттық спорт түрлеріне тұрақты қолдау көрсетеді. Шахан мен Шахтинскідегі футбол турнирлерінің де демеушісі.

Бөйге – даланың рухы, көкпар – жігіттің намысы. Ал, тоғызқұмалақ – ақылдың ойыны. Осындай ұлттық құндылықтарға қолдау көрсету арқылы Сапар аға жас ұрпақтың рухын көтеруге де үлес қосып келеді.

Бірақ, Сапар ағаның жомарттығы мұнымен шектелмейді. Оның күнделікті тіршіліктегі көмегі одан да көп. Мешіттердің құрылысына қолдау көрсетіп, имамдарға көмек береді. Мешіт қызметкерлерінің көлігіне қажетті құрал-сайманға дейін алып берген кездері бар. Аз қамтылған отбасыларға мешіт арқылы азық-түлік,

киім-кешек жеткізуге тұрақты түрде үлес қосады. Балалар үйі мен Қарттар үйіне мерекелер сайын сыйлық беріп, қамқорлық жасайды.

Одан бөлек, Маңғыстау өңірінде жұт болып, мал қырылған кезде шөп алуға қаржы бөліп, елдің қиыншылығына ортақтасқаны үшін «Жылдың Атымтай Жомарты» атанды. Қарқаралыда бір отбасы баспанасыз қалған кезде де Айтбай Ботпайұлы бастаған азаматтарды қолдап, көмек қолын созған.

Сапар ағаның жомарттығын санап шығу мүмкін емес. Жомарттықтың өлшемі бергенінің көлемі емес, дер кезінде тигізген пайданда екені анық.

Жомарттықтың ең жақсысы – есепсіз жасалғаны. Сапар Көшкенұлының ел арасындағы тағы бір ерекшелігі де осы. Сөзге сараң, іске мығым. Кей адам жасаған жақсылығын жариялап жүреді. Сапар аға керісінше, жасаған көмегін айтпауға тырысады. «Жақсылық жаса да, суға таста» деген сөздің мәні де осында болса керек.

Үнемі халық арасында жұмыс бабымен жүрсе де, елге берерін аямаған азаматтың отбасы да оның үлкен тірегі. Сапар ағаның жанында адал жары, отбасының ұйытқысы Баян анамыз бар. Азаматтың бабын тауып, ел алдында абыроймен жүруіне оның да еңбегі ұшан-теңіз. Үш баласы бар. Үлкен қызы Астанада отбасылы, бала-шағалы. Ұлы да өсіп-өніп жатыр. Кіші қызы қолында. Немерелерінің қызығын көріп отыр.

Сапар Ибкеевтің 2021 жылы «Жомарт жүрек» байқауында «Жыл меценаты» номинациясының жеңімпазы атануы да тегін емес. Бұл – жылдар бойғы еңбегінің ел тарапынан берілген бағасы. Жуырда мерейлі жасына орай Шахтинск қаласының әкімі Мұрат Қыдырғанбеков арнайы қабылдап, облыс әкімінің құттықтауын жеткізіп, Алғыс хат табыс етті.

Қазақ «Азаматтың жақсысы – елге ырыс», – дейді. Сапар ағаның ғұмырына қарасақ, осы сөздің салмағын сезінеміз. Ол қарапайым кенші болып еңбек жолын бастады. Кәсіпкерлікпен айналысып, дәулет жинады. Бірақ, байлықтың соңынан емес, елдің жолымен кетті.

Сондықтан, оның ең үлкен байлығы – дүние емес, елінің алғысы. Ал, елдің алғысы сатып алынбайды. Ол жылдар бойғы еңбектен, адалдықтан, азаматтықтан, жомарт жүректен туады. Сапар Ибкеевтің жетпіс жылдық ғұмыры – соған куә.

Ендеше, Арқаның Атымтайының жетпіс жылдық ғұмыры ұрпаққа өнеге болсын! Елге жасаған игілігі еселеніп, азаматтық абыройы асқақтап, жомарт жүректің жылуы елге тарай бергей!



гектары ағаш өскен алқапқа тиесілі. Осындай ауқымды аумақты қорғауда әр маманның еңбегі маңызды.

– Бұл отбасының табиғатқа деген шынайы сүйіспеншілігі қоршаған ортаны сақтауға ықпалын тигізіп жатыр. Қызметтеріне адал. Орманға қамқорлық жасау – баршамыздың ортақ міндетіміз. Орман – халықтың баға жетпес байлығы, жаунары, денсаулығы, –

деді орманды қорғау және күзету инженері Тәмерлан Елубас.

Шаменовтер отбасы таңды орман арасындағы тыныштыққа қарсы алып, күнін табиғаттың амаңдығын бақылаумен өткізеді. Көзге бірден байқала бермейтін осы жұмыс талай қатердің бетін қайтаруға сепп.

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

